БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 182 (9500) | 1954 жылғы Сентябрь 12 Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тиын

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЖАЛПЫЕВРОПАЛЫҚ ХАУІПСІЗДІК ҮШІН (1-бет).
ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА (1-бет).
САЯСИ ЭКОНОМИЯ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ БАСПАДАН ШЫҒУЫ (1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДА ӘРБІР САҒАТ УАҚЫТ ҚЫМБАТ: **Х. Рахматуллин.**—Озаттар жарысы (1-бет).
ССРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ (2-бет).
КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ: **З. Қаскеев.** —Комсомол ұйымындағы елеулі кемшіліктер (2-бет).
Т. Увашов. —Мал санатына үлгілі әзірленейік. (2-бет).
Совет ауданында (2-бет).
КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК? **А. Қазиев.**—Іздену жолында (3-бет).
РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: **Ғ. Бақбергенов.** — Колхозшылардың мәдени- тұрмыстық қажетін өтеуге көңіл бөлмейді. **Х. Рахметов.** —Шоферларға жағдай жасалмай отыр (3-бет).
Ж. Мұзапаров. —Жаңа совхоздарда (3-бет).
ФЕЛЬЕТОН: **Т. Есілов, Б. Жанов.**— Желге тимейтін кербез жеңгейлер (4-бет).
БИБЛИОГРАФИЯ: **Ә. Жұмабаев.**— «Ислам дінінің реакциялық мәні туралы» (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Жалпыевропалық хауіпсіздік үшін

30 августа Францияның Ұлттық жиналысы Батысевропалық 6 мемлекеттің (Францияның, Батыс Германияның, Италияның, Бельгияның, Голландияның, Люксембургтың) «европалық қорғаныс бірлестігі» деп аталатын тұйықталған соғыс тобын құруды көздейтін Париж договорын басым көпшілік даусыпен қабылдамай тастады. Осы бірлестікті бүркеніп, герман милитаризмін қайта тудыруға бағытталған жоспарлар жасалып келгендігі, осымен байланысты европалық халықтардың тұрмысы мен хауіпсіздігіне тікелей қатер туып отырғандығы бүкіл дүние жүзіне мәлім.

Францияның Ұлттық жиналысының «европалық армия» құру жөніндегі американ жоспарын қабылдамай тастауы жайында халықаралық баспасөздерде кеңінен түсініктер берілуде. Барлық жерде бірдей бұл қарар үлкен халықаралық маңызы бар саяси шара деп бағалануда. Францияның ұлттық-патриоттық күштері, ал олармен бірге барлық бейбітшілік сүйгіш халықтар да бейбітшілік және халықаралық хауіпсіздік жолындағы күресте елеулі жеңіске жетті.

«Мемлекеттердің жоғарыда айтылған соғыс тобын құру жоспарларының күйреуі,—делінген ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің бүгін жарияланып отырған мәлімдемесінде,—Европаның саяси өміріндегі маңызды оқиға болып табылады». Бұл факті Батыс Германияны өз тағдыры неміс кекшілдерінің қолында болатын милитаристік мемлекетке айналдырумен байланысты туатын хауіпті Франциядағылардың қаншалықты түсініп отырғандығын дәлелдейді.

Вашингтоннан берілген нұсқаулар бойынша құрылып жатқан «европалық қорғаныс бірлестігі» Франция мемлекетінің хауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне хауіп туғызатыны «европалық армия туралы атышулы Париж договоры жарыққа шыққан уақыттан бері өткен жылдардың ішінде дәлелденді және бұған француз халқының көзі жетті. Егер Франция бұл договорды бекіткен болса, ол халықаралық аренада өзінің ұлы держава ретіндегі заңды орнынан айырылған болар еді және Батыс германияльық милитаристер басты роль атқаруға тиісті болатын «кіші Европа» ретінде қатынасушы елдердің бірінің халіне дейін төмендетілген болар еді.

Халықаралық агрессияшыл топтардың тарапынан бопсалаушылық пен қожаңдаушылық болғандығына қарамастан, француз халқы апатты Париж договорын қабылдамай тастады. Бұл күресте ол ерлестігін» соғысқа апаратын жол деп әділетті атап отырғандығын еске салу орынды болады.

Мемлеккеттердің оқшау соғыс топтарын құрудың американ дипломатиясы қоймастан тықпыштан өткізгелі жүрген жобаларына бейбітшілікті жақтаушылар Европада бейбітшілік пен хауіпсіздіктің мүдделеріне сай келетін басқа саясат жүргізу жоспарын — жалпыевропалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарын қарама- қарсы қойып отыр.

Европаның хауіпсіздік мүдделері, сондай-ақ герман халқының мүдделері де, — деп атап көрсетілген ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесінде, —державалардың тиісті келісімдерінде көзделгеніндей, герман мәселесінің біртұтас, бейбітшіл және демократиялық Германия мемлекетін құру негізінде шешілуін талап етеді. Германия проблемасы жөнінде келісімге жету мүмкіндіктері көзірдің өзінде толық пайдаланылды деп айтуға болмайды. Нақ осы жағдайды ескере отырып, Совет Үкметі Франция, Антлия, АҚШ үкметтеріне осы жылғы август-сентябрьде төрт державаның жаңа кеңесін шақырып, онда герман мәселесін қарауды ұсынды. Бірақ, үш державаның үкметтерінен бұған осы уақытқа дейін әлі жауап қайтарылған жоқ.

Германияны бейбітшіл және демократиялық шарттармен ұлттық жағынан қайта қосу негізінде герман мәселесін шешу барлық европалық мемлекеттердің, соның ішінде ұлы держава ретіндегі тағдыры тұтас алғанда Европаның тағдырынан бөлінбейтін Францияның да хауіпсіздік мүдделеріне сай келген болар еді. Біртұтас және бейбітшіл Германия құрылып, Европаның бейбітшілікпен өркендеуі ғана басқа ұлы державалардың арасында Францияның ұлы держава ретіндегі өзіне лайықты орнын қамтамасыз етеді. Совет Одағы күшті және тәуелсіз Франция болуын жақтап келді және жақтап отыр, өйткені тек осындай франция ғана Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қолдаудың маңызды факторы болып табылады.

Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің өте маңызды проблемалары аз топтардың оңаша кеңестерінде дұрыс шешіле алмайтындығын фактілер көрсетіп отыр, өйткені ол кеңестерде соғыс топтарын құру мәселелері талқыланады және милитаристік Батыс Германияны қайта қаруландыру жолдары іздестіріледі. Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін әртүрлі әлеуметтік системалардың халықара-

Алайда, соңғы күндердегі фактілер Батыс Германияның ремилитарландырылуын жақтаушылар француз халқының ерік-ін елемеуге тырысып жүргендігін көрсетеді. Даллес атлантика блогының советін шұғыл шақыруды талап етті, мұнымен ол, АҚШ-тың бұл блокқа Батыс Германияны тікелей енгізуге тырысатындығын білдіреді.

4 сентябрьде радио арқылы сөз сөйлеп, канцлер Аденауэр Францияның ұлттық жиналысының Париж договорын бекітуден бас тартқандығы үшін оған кейістік сарынында сөгіс айтты және Франция бұдан былай қарсыласатын болса, ол вермахты қалпына келтіру туралы Англия мен және АҚШ-пен тікелей келіссөздер жүргізе бастайды, деп қокан-лоққы жасады. Шетел баспасөзі мұндай келіссөздердің көзірдің өзінде-ақ жүргізіліп жатқандығын хабарлап отыр.

Францияның Ұлттық жиналысының «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастауының нәтижесінде туған жағдайды талқылау үшін «Париж договорына қатысушы елдердің құрамында «9 мемлекеттің», соның ішінде Англияның, Канаданың, АҚШ-тың «кеңесін» шақырудың Батысқа ұсынып жүрген жобалары да герман милитаризмін қайта тудыру мақсаттарын көздейді.

Герман милитаризмін қайта тудыру және ремилитарландырылған Батыс Германияны соғыс тобына қатынастыру, бұл әрекет қандай бүркеніспен бүркемелесе де, Европада жаңа соғыс хаупін өлшеусіз арттырған болар еді, сөйтіп, дүниежүзілік жаңа соғыс хаупін де күшейткен болар еді. Европаның халықтары, соның ішінде француз халқы да бұл жоспарларға көне алмайды, өйткені, жаңа соғыстың материалдық және адам шығындарын өткен соғыстардағыдан өлшеусіз көп шығаратынын олар біледі. Европа халықтарының абыржушылығы өте орынды, өйткені тыйым салынуына бейбітшілік жауларының қарсыласып отырғанын атом, сутегі қаруының, тағы басқа қару түрлерінің пайда болуы жаңа соғысты бұрынғыдан да қорқынышты, бүлдіргіш соғыс етер еді.

Герман милитаризмін қайта тудырудың хауіпті саясатын бұқара алдында ақтайтын қандай да болмасын елеулі дәлелдері болмағандықтан, мұны жақтаушылар кейде іс'ің жайын былай суреттейді: Батыс Германияның ремилитарландырылуы және оның батыс державаларын қайта бір соғыс блогына қатынастырылуы Германия мәселесі жөнінде Совет Одағымен келіссөздер жүргізуге Батыс держава-

Егін жыйнау мен астық дайындауда әрбір сағат уақыт қымбат



Баян МТС-нің комбайншысы комсомолец Василий Перевертайло өз дігінен жүретін комбайнмен 500 гектар алаңның егінін оруға міндеттенген болатын. Ол көзірдің өзінде 300 гектар алаңның егінін орды.

СУРЕТТЕ: № 25 трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері **А. Асадулаев** комбайншы **В. Перевертайлоны** Преснов ауданындағы «Баян» колхозында егіні орылатын алаңмен таныстырып жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Озаттар жарысы

Октябрь ауданының Сталин атындағы колхозының егіс даласында тоқтаусыз қызған еңбек. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан егін алқаптарында трактор мен комбайн моторларының үні күні -түні бір сеңбейді.

Осы еңбек дабылында, өзара жарысушы Ленин орденді комбайншылар Сергей Солодолников пен Иван Вершининнің жұмыстары ерекше назар аударады.

Міне, көз жеткісіз алтын астық алқабы. Сарғая піскен шашақты бидай масақтары баяу жел лебімен теңіздей толқыйды. Ұшан- теңіз егістік, үстінде екіге жара бөлген загонда қатарласа екі агрегат бірқалыпты жүріспен кетіп барады.

—Солодолников пен Вершинин бөліп алған екі егіндіктің де көлемі 100 гектардан, —деді колхоз председателі Олишин жолдас, загондарды қолымен орайлап көрсетіп. —Мұны олар үш-үшжарым дік беретін дикке қосымша штифтер орнаткан.

Солодолников түнгі жұмыс алдында, кешкі сағат 8-9 кездерінде машинаны тексеріп, кезекті техникалық күтім жасайды. Егіннің таза орылып, сапалы бастырылуы үшін барабан диктерін күндізгіден гөрі сәл жоғары көтереді. Сонда кешке қарай шыққан дымқыл тартқан егін жақсы бастырылады, сабан -топанға дән кетпейді. Кесуші аппарат пен шалтының түнде жақсы көрінуі үшін хедердің кейінгі қабырғасындағы электр шамы ілгері қарай еңкіштеу қойылады. Бастырылған дәннің бункерден тікелей дайындау пункттеріне жөнелтуді қамтамасыз ету үшін комбайншы қосымша үшінші дән тазартқыш орнатқан.

Солодолников жолдас басқаратын агрегатқа дискелі лущильник тіркелген. Мұның өзі егінді ору мен ашызы сыпыра комсомолец Василий Перевертайло өз алаңның егінін оруға міндеттенген болатын. Ол көзірдің өзінде 300 гектар алаңның егінін орды.

СУРЕТТЕ: № 25 трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері **А. Асадулаев** комбайншы **В. Перевертайлоны** Преснов ауданындағы «Баян» колхозында егіні орылатын алаңмен таныстырып жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

☆

Астық баяу қабылданады

Смирнов астық дайындау пунктінің алдында 17 машина тұр. Олар дайындау пунктінің астықты қабылдауын күтуде. Пунктке кіре берістегі жол жөнделмеген. Оның үстіне жауын- шашынды күндері астық әкелген жүк автомашиналары жолды жүруге жарамсыз етіп, езіп тастаған. Кәзір астық әкелген машиналардың көбі батпаққа батып, шыға алмайды. Бірақ, бұл жағдай дайындау пунктінің директоры Худяков жолдасты абыржытатын емес. Ол дайындау пунктінің алдындағы жол участогін жөндеу жөнінде ешбір шаралар қолданбай отыр.

Колхоздардан әкелінген астықтың қабылдануы өте баяу. Көптеген машиналар күн сайын астықтың сапасын тексеретін лабораниардың қорытынды шығаруын күтіп, кейде 1,5—2 сағатқа дейін тұрады. Астықты өлшеу жұмысы да тездікпен жүргізілмейді. Астық қоймаларында жәшіктердің, астық түсіретін ыдыстардың, тағы басқа керекті құралдардың жеткіліксіздігінен қабылданған астықты түсіру жұмысы тозгісіз ұзаққа созылады. Міне, сондықтан колхоздардан астық әкелген машиналар күн сайын жұмыс уақытының 5—6 сағатын астық пунктінде кезек күтіп, тұрумен өткізеді.

Мәселен, 10 августа «Игілік» колхозынан астық әкелген екі жүк автомашинасы астықтың қабылдануын күтіп 6 сағат тұрды. Сол сияқты, Молотов атындағы, «Көктерек», «Аралағаш», «Красное поле», «Красный полтавец» колхоздарынан астық әкелген көптеген машиналар кезек күтумен 3—4 сағаттан жұмыс уақытларын босқа өткізді. Бұл астық пунктінде үнемі кездесін отырған жағдай.

Пунктте астықты қабылдау жұмысын тездетуді ұйымдастыруға Совет аудандық партия комитеті мен Совет атқомі, ҚКП аудандық комитетінің үгіт- насихат бөлімінің меңгерушісі Тілеужанов, Совет атқомі жоспарлау бөлімінің меңгерушісі Бутенко жолдастарды бөлген. Бірақ, олар астық қабылдау жұмысын жақсарту жөнінде пунктің басшыларына нақтылы көмек көрсете алмай келеді.

Дайындау пункті жұмысындағы мұндай кемшіліктер колхоздардың мемлекетке астық тапсыру жұмыстары

лік және ұлттық қасиеттер көрсетті. Францияның адал патриоттары өздерінің туған елінің ұлы держава ретіндегі мүдделерін батыл қорғауда. Ұлттық жиналыста сөз сөйлеп, Францияның өте көрнекті саяси қайраткері Эдуард Эррио былай деді: «маған келетін болсақ, мен европалық қорғаныс бірлестігі Францияны апатқа ұшырататындығын айтуға тиістімін... Европадағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу амалдарын іздестіру керек, европалық қорғаныс бірлестігін емес, топтасқан және Германиямен, сол сияқты Россиямен жақындасуға негізделген өзге Европаны өзірлеу керек. Европалық қорғаныс бірлестігі авантюра болып шығар еді. Бұдан бастартыңдар!».

Сөз жоқ, Францияның Ұлттық жиналысының құрметті председателінің айтқан ұсыныстары шақырылуы Совет Үкметінің 4 августағы мәлімдемесінде ұсынылған төрт ұлы держава кеңесінің барысында еске алынған болар еді. Эррионың ұлттық жиналыста сөйлеген сөзі француз халқының қалың топтарының еркін білдіргендік болды.

лардың позициясын нығайтады- мыс. «Бірақ, мұндай байымдауларда ешқандай негіз жоқ, —делінген ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесінде. Шындығында істің жайы мұның керісінше болып отыр. Батыс Германияны ремилитарландыру және оны қайсыбір соғыс тобына тарту Германияны біріктіруге қыйын кедергілер тудырады, демек, герман мәселесі жөнінде тиісті келісімге жетуге мүмкіндік бермейді».

Бұдан мынадай даусыз қорытынды шығады: Батыс Германия ремилитарландырылған күнде және ол Батыс мемлекеттердің соғыс блогына қатыстырылған күнде герман ұлты белгісіз ұзақ мерзімге екіге бөлінген қалпында қалар еді, ал бұл өзінен өзі Европада бейбітшілік ісі үшін хауіпті жағдай туғызған болар еді және герман халқының ұлттық бірлікке ұмтылған табиғи талаптарына қайшы келген болар еді.

Осымен байланысты өз ұлтының мүдделерін, бейбітшілік пен хауіпсіздік ісін қымбат көретін алысты болжайтын саяси қайраткерлердің «европалық қорғаныс

пен қатар өмір сүруі принциптеріне сүйенетін саясат жүргізу жолымен ғана қамтамасыз етуге болады.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне маңызды үлес қосқан Женева кеңесінің нәтижелері мүдделі мемлекеттер шын тілесе реттелмеген проблемалары жөнінде бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін келісімдерге жету үшін мүмкіндіктер бар екендігін айқын дәлелдеді.

«Совет Одағына келетін болсақ, —делінген ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесінде, —ол шешілмеген халықаралық мәселелер жөнінде, соның ішінде Германия туралы, Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасы туралы, атом және сутегі қаруына тыйым салу және мемлекеттердің қару- жарақтарын азайту туралы мәселе жөнінде келісімдерге жету үшін, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін бұдан былай да мүмкін болған шараның бәрін істейді».

(«Правданың» 10 сентябрьдегі басмақаласы).

ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА

10 сентябрьде академик А. Н. Несмеяновтың председательдік етуімен ССРО ғылым академиясы президиумының кең мәжілісі болды. Ол ботаниктердің Парижда болған халықаралық VIII конгресінің жұмысына қатысқан (1954 жылғы июль-августа) совет делегациясының есебін тыңдауға арналды.

Делегацияның басшысы академик А. Л. Курсанов конгрестің жұмысы туралы толық баяндады, конгреске 2600 дей ғалым—әртүрлі елдердің өкілдері қатысты. Ол конгрес мүшелерінің совет ботаникасының табыстарына ерекше ынта қойғанын атап көрсетті. Совет делегациясына қатысушылар баяндама жасаған кезде әдетте оны тыңдаушылар өте көп болды. Ботаника жөніндегі совет кітаптарының көрмесі де назар аударды, бұлардың арасындағы ССРО ғылым академиясының баспасы орыс және француз тілдерінде басып шығарған «Ботаника мәселелерінің» екі томы ерекше назар аударды. Арнаулы басылып шыққан совет еңбектерінің жиынағын делегация Францияның ботаника қоғамына тарту етті, мұның өзі ССРО ғылым академиясының француз ғалымдарына көрсеткен достық ниеті ретінде қабыл алынды.

Совет ботаниктері Париж маңындағы орман алқаптарды, парктерді аралап көрді, жуырда құрылған фотосинтез институтында, Версалдағы ауылшаруашылық институтында және басқа ғылми мекемелерде болды.

Академик Курсанов бұдан кейін совет делегациясының конгреске қатысушы басқа да ғалымдармен бірге Францияға және батыс Африкаға жасаған ғылми экскурсиялардан қандай әсер алғанын айтты. Бұл экскурсиялардың нәтижесінде Корсика аралындағы, Мавританиядағы, Сенегал мен Гвинеядағы ғылми- зерттеу жұмысы туралы бағалы материал алынды, жергілікті өсімдіктер дүниесінің коллекцияларымен Франция мен Батыс Африканың өте маңызды ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымдары жиынақталды. жергілікті Ландшафт көптеп фотосуретке түсірілді.

Президиум совет ботаниктері қатарының ғылымды дамыту және ССРО, Франция тағы да басқа елдердің ғалымдары арасындағы достық пен ғылми байланыстарды нығайту үшін жемісті болғаны атап көрсетті.

(СОТА).

Петр Музыка мың гектар егін жыйнады

УСПЕНКА. (Павлодар облысы). (ҚазТАГ). Ертіс бойының атақты механизаторы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Петр Музыка облыс комбайншыларының жарысында зор табысқа жетті. Лозов ауданының Буденный атындағы колхозында ол «Сталинец-6» қос комбайнымен кеше алғашқы бір мың гектар дәнді дақылдар мен шөп тұқымдарын жыйнауды аяқтады. Сұлы мен арпаның әр гектарынан орта есеппен 100 пұттан, ал тұнға егілген бидайдың әр гектарынан 130 пұттан астық бастырылды.

Комбайндар тәулігіне 20 сағаттан жұмыс істейді. Бункердегі астық комбайн жүріп бара жатқанда түсіріледі. Машиналарға су мен жанармай тез құйылады. Түскі және кешкі тамақ кезінде механизаторлар бірінің орнына бірі жұмыс істейді. Комбайндарда электр жарығы бар, жапырылып қалған, ығалды және сабағы бик егінді жыйнауға арналған тетіктер жабдықталған. Тәуліктік жұмыс өнімділігі 70-80 гектарға жетеді. Музыка комбайндарда өзі жасаған үшінші тазартқышты орнатты. Астық қырмандар да қосымша тазартылмастан комбайндардың бункерлерінен қабылдау пунктіне тікелей жіберіледі.

Музыка маусымына 3 мын гектар егін жыйнап, 45 мың центнерден аса астық бастыруға міндеттенін отыр.

Саяси экономика оқулығының басылып шығуы

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы — «Саяси экономия» оқулығын басып шығарды. Оқулықты экономистер коллективі жазған. Оның құрамында академик К. В. Островитянов, ССРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Д. Т. Шепилов, ССРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Л. А. Леонтьев, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының толық мүшесі И. Д. Лаптев, профессорлар И. И. Кузьминов, экономика ғылымының докторы Л. М. Гатовский, академик П. Ф. Юдин, ССРО ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. И. Пашков, экономика ғылымының кандидаты В. И. Переслегин бар. Оқулыққа енгізілген статистикалық материалдарды іріктеп алуға және өңдеуге экономика ғылымының докторы В. Н. Старовский қатысты.

Оқулық үш бөлімнен құрылған: бірінші бөлімі — «Өндірістің капитализмге дейінгі тәсілдері», екінші бөлімі — «Өндірістің капиталистік тәсілі», үшінші бөлімі — «Өндірістің социалистік тәсілі».

Оқулық көп тиражбен басылып шығарылуда.

Солодолников жолдас комбайншы болып көпген істейді. Ол соңғы бес жыл бойына осы Сталин атындағы колхозда егін жыйнауда жүр. Комбайншыға көмекші болып тұнғыш механизация жұмысына кіріскеннен бері ол маусымдық тапсырманы үнемі артығымен орындауда. Мысалы, 1952 жылы «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде норма бойынша 450 гектар жердің егінін жыйнау керек болса, ол 600 гектар жердің егінін жыйнады. Ал, өткен жылы 700 гектар егін жыйнап, 9 мың центнер астық бастырды.

—Жұмыстың табысты болуының кілті комбайншы қолында. Егін жыйнауда машинаның жоғары өнімді және тоқтаусыз жұмыс істеуі оны бұған алдын-ала өзірлеуге, ал егін орағы кезінде техника жағынан күтімді ұстауға байланысты, — дейді ол.

Озат комбайншы өзінің күнделікті еңбегінде осы шартты жағдайларды мұқият орындап келеді. Өзіне бекітілген «Сталинец-6» комбайнын сапалы, бүкіл тәулік бойына тоқтаусыз жүретіндей етіп жабдықтады; электр жарығынан қамтамасыз етіп және дымқыл егінді оруға мүмкін-мерзімдерін барынша қысқартып уақытты мол үнемдеуге жағдай жасайды.

Агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне трактористер Андрей Тимошин мен Владимировтың әр дайым комбайншылармен ынтымақтаса еңбек етуі зор мүмкіншілік туғызуда.

Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і озат комбайншыларының үндеуін талқылауға арналған Торанғұл МТС-нің механизаторларының жалпы жыйналысында Сергей Солодолников жұмысты өзімен бір колхозда істейтін комбайншы Иван Вершининді социалистік жарысқа шақырды. Олар жарыс шартында техниканы өнімді пайдалана отырып, егін ору маусымында 25 жұмыс күні ішінде 750 гектар дәнді дақыл орып, кемінде 8 мың центнер астық бастыруға міндеттенді. Қазір екі комбайншы да осы уәдеге сай еңбек етуде. Егін орағына түскен күннен бері күн сайын 22- 24 гектардан егін орып келеді. 15 жұмыс күнінде Солодолников 415 гектар, Вершинин 407 гектар алаңның егінін орып, әрқайсысы 4100- 4200 центнерден астық бастырды.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

дан әрі тозуге болмайтын кемшілік. Сондықтанда, аудан басшылары, дайындау пунктінің қызметкерлері істегі кемшілікті дереу жойып, астықты қабылдау жұмысын тездікпен жүргізуді ұйымдастырулары қажет.

Т. БОЛАТБАЕВ.

Үздік шоферлар

Бұл күндері «Союззаготтранс»тың шоферлары және туысқан Украинадан, Свердлов облысынан өздерінің жүк машиналарымен келген шоферлар қырмандардан астық дайындау пунктіне жаңа астықты тасуда. Ленин авторотасының шофері Лю-Бон -Це күрделі жөндеусіз 200 мың километрден астам жол жүрді. Сол сияқты, Петропавл авторотасының жұмысшы шоферлары Говорушко, Поздняков, Мамлют авторотасының шоферлары Федоров, Бутилин және басқалары астық тасуда айтарлықтай табыстарға жетуде. Олар астықты тез тасу жөніндегі социалистік жарысқа ұштасып, күндік нормаларын 130- 150 процеттен орындауда.

Ж. ӘЛІМОВ.

Облыс аудандарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

10 сентябрьдегі мәлімет
(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Мемлекетке астық тап сыру	Жыйналған дәнді дақылдар	Дайындалған шөпен	Сүрленген шөп	Зябь жырту	Күздік егу
Петропавл	49,2	51,7	41,3	28,3	21,4	59,0
Совет	34,0	36,8	43,7	24,6	21,1	7,8
Конюхов	30,0	37,7	40,0	85,2	21,9	31,7
Булаев	29,6	42,0	46,3	93,9	33,1	12,2
Приишім	25,2	40,8	48,5	21,5	25,9	33,5
Полудень	23,6	32,9	33,7	49,4	14,0	53,8
Октябрь	22,4	43,3	57,2	45,9	37,0	72,1
Преснов	20,2	36,9	50,8	41,2	34,5	65,1
Ленин	18,2	41,4	63,7	45,0	28,6	33,0
Мамлют	16,7	28,9	39,5	28,0	11,9	13,6
Соколов	16,6	33,8	35,6	44,3	12,0	63,8

* * *

Облыс аудандарында мемлекетке астық тапсыру жұмысының барысы бұрынғыдай баяу жағдайда қалып отыр. Әсресе, Соколов ауданының басшылары астық тапсыруға қолда бар мүмкіншіліктерді мүлдем нашар пайдаланып келеді. Осының салдарынан бұл ауанның колхоздары бойынша мемлекетке астық тапсырудың бескүндік тапсырмасы 14,7 процент ғана орындалды. Сөйтіп, аудан астық тапсыру жөнінде басқа аудандардан кейін қалды. Осыған қарамастан аудандық партия комитетінің секретарлары Брикунов, Тащев, Совет атқомінің председатели Звягин жолдастар колхоз қырмандарында жатқан астықты кептіру, тазарту және мемлекеттік дайындау пунктіне жеткізу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруды колхоз, МТС басшыларынан қатаң талап етпейді.

Егіннің жаппай пісіп және сабақта тұрып ысырап бола бастағанына қарамастан, оны жыйнауды Мамлют, Полудень, Соколов аудандарының колхоздары мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіп келеді. Оларда өткен бескүндікте жыйналған егіннің мөлшері бұдан бұрынғы бескүндіктерден де төмен болды. Бұл ауданның басшылары егінді әрі тез, әрі сапалы жыйнауға МТС директорлары мен колхоз председательдерінің жауапкершіліктерін арттыруын талап етудің орнына, ауа райының қолайсыздығын бетке ұстап, олардың өздері колхоз, МТС басшыларының егін жыйнауды төзгісіз нашар ұйымдастырып отырғаны ақтағылары келеді.

Қазір егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының ең қолайлы және шешуші кезеңі өтіп барады. Осыған байланысты аудан партия ұйымдарының, Совет және ауылшаруашылық органдарының басты міндеті комбайн агрегаттарының қуатын егін жыйнауға барынша өнімді пайдалануға жағдай жасау, сөйтіп, комбайншылардың күндік тапсырмаларды толық орындауына ғана емес, үнемі асыра орындауларына жетісу, бастырылған астықты тазарту, кептіру және дайындау пунктіне жеткізу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыру болып табылады.

Бірқатар аудандар зябь жырту жұмысының қарқынын да бәсеңдетіп алып отыр. Мәселен, өткен бескүндікте Преснов ауданы, 652 гектар, Совет ауданы 306 гектар, Соколов ауданы 260 гектар, Петропавл ауданы 231 гектар және Конюхов ауданы 150 гектар зябьті оның алдындағы бескүндіктегіден кем жыртты. Бұл аудандардың колхоздарында техникалық жарамсыздықтан босқа тұрған тракторлардың саны көбеюде. Ал, МТС басшылары ол тракторларды дереу жөндетіп, жұмысқа қосудың шараларын жүзеге асырмайды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы зябь жырту ісіне басшылық етуден тысқары қалып, аудандарда, МТС- тер мен колхоздарда келесі жылдың егістері үшін жер дайындау ісінің жайымен үнемі шұғылданбайды.

Соңғы екі бескүндікте аудандарда пішен дайындау, жемшөп сүрлеу жұмыстары мүлдем бетімен жіберілген. Тіпті кейбір аудан, МТС басшылары пішен жыйнауда, жемшөп сүрлеуде жүрген колхозшыларды және машиналарды, көліктерді басқа жұмысқа пайдаланып, бұл істі мүлдем тоқтатып қойған. Көптеген колхоздарда жемшөп дайындау жоспарының жартылай да орындалмай отырған жағдайында, мал азығы қорын жасау ісіне мұндай жауапсыз қараушылықты түбірімен жою жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары өздерінің негізгі міндеттерінің бірі екенін ұмытпаулары керек.

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ

Комсомол ұйымындағы елеулі кемшіліктер

«Комсомолка» тігін фабрикасының комсомол ұйымы қаладағы ірі комсомол ұйымдарының бірінен саналады. Оның есебінде 200 комсомолец тұрады. Бұл фабрика алдында тұрған міндеттерді табысты шешуде зор күш. Бірақ, комсомол ұйымы (секретары Гальцева жолдас) осыншалық күшті фабрика коллективінің алдында тұрған міндеттерді орындауға пайдалана алмай келеді .Адымен комсомолецтер мен одақта жоқ жастардың арасындағы социалистік жарыс формальды ұйымдастырылған. Демек, жарыстың орындалуы кезінде тексерілмейді, оған қорытынды жасалмайды.

—Москвалықтардың үндеуіне жауап ретінде комсомол-жастар бригадалары қандай міндеттемелер алған еді,—деген сұраққа:

—Мен бұл жөнінде ештеңе айта алмаймын,—деп жауап берді Гальцева жолдас.

—Неше комсомолец өндіріс озаты деген сұраққа ол:

—Оны фабриканың кәсіподақ комитетінен сұраңыз, мен жете білмеймін,—дейді.

Міне, комсомол ұйымының секретары Гальцева жолдастың комсомолецтердің және одақта жоқ жастардың социалистік жарысына қаншалықты басшылық жасап тырғанын осы жауаптарынан да көруге болады.

Бұл фабрикада озат комсомолецтер жоқ емес. Мәселен ,Фурсова жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы өткен айдың жұмыс жоспарын 127,9 процент орындады. Бригада өнімнің сапасы да жоғары болды. Сөйтіп, бригада социалистік жарыста бірінші орынға шықты. Осы бригаданың мүшелері комсомолецтер Еслямова, Чусовитина жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен фабрика коллективінің күркетіне бөленген. Бірақ, комсомол ұйымы олардың іс-тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруды қажет етпей келеді.

Фабрикадағы жұмысшылардың барлығы дерлік комсомолецтер мен одақта жоқ жастар. Мұның өзі, әсресе комсомол ұйымынан оларға нақтылы көмек көрсетуді, социалистік жарыста озаттардың қатарын көбейтіп, өндірісте жаппай өрлеу тұғызуды талап етеді. Солай бола тұрса да комсомол ұйымының жұмысы бұл ойдан шықпай отыр.

Карпова жолдас басқарған № 3 цех фабрикадағы үлкен цех болып саналады. Бұл цех өндірістік жоспарларды орындауда үнемі артта қалып келеді. Мұнда август айының жоспары 81,6 процент ғана орындалған. Осы цехтағы Гашенева, Серова жолдастар басқарған бригадалар август жоспарын небары 49-57 проценнтен ғана орындады. Мұндай төзгісіз жағдайдың орын алу себебі, еңалдымен цех комсомол ұйымының (секретары Фролова жолдас) жастардың өндірістік белсенділігін ұйымы фабрикадағы үгіт-бұқаралық жұмыстарға да шын мәнінде араласпай келеді. Ал, мұның өзі өндірістік жұмысқа керісінше әсерін тигізуде. Бұл жағдай комсомол ұйымы, оның секретары Гальцева жолдасты тілті қынжылтар емес.

—Бізде комсомолецтерден 17 үгітші бар. Олардың барлығы жұмыстың жауапты участоктерінде істейді,-деп мәлімдеді Гальцева жолдас. Осылай болса, ол қуанарлық іс. Бірақ, комсомол ұйымының ол үгітшілермен жұмыс жүргізбеуі, олардың өндірістік жұмыста қандай дәрежеде екендігін жете білмеуі қынжыларлық іс. Комсомол ұйымы 8 айдан бері үгітші комсомолецтердің бірде-бір рет семинар-кеңесін өткізбеген. Оларға әңгімені қалай өткізу, қандай тақырыпта әңгіме жасау жөнінде нұсқау берілмеген. Үгітшілер жұмысты жоспарсыз істейді.

№ 2 цехтағы үгітші комсомолец Давыдова, № 3 цехтағы үгітші комсомолец Кондратова және басқа жолдастар жұмысшылар арасында әңгіме өткізу, газет оқу сияқты үгіт жұмыстарымен көптен бері шұғылданбай жүр. Цехтарда қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар уақытылы шығарылмайды. Озат тігіншілердің іс тәжрибелері насихатталып, көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды. Мұндай жағдай № 1 цехта да бар. Амал қанша, цех комсомол ұйымдарының секретарьлары бұл кемшіліктерге көріне-көзге жол беріп отыр.

Фабрика комсомол ұйымы ғылми-атеистік насихатты жақсарту жөнінде де мәселе талқыланған емес. Мұнда әлі күнге дейін бұл жөнінде бірде-бір лекция оқылмаған. Тілті алдағы уақытта бұл жөнінде лекция оқытуды ұйымдастыруды ойлап отырған Гальцева жоқ.

Фабрика бойынша комсомол ұйымының жалпы жыйналысы өте сирек болады. Болған жыйналыстардың өзінде фабрика коллективінің алдында тұрған міндеттер жөнінде нақтылы мәселелер талқыланбайды. Кейбір комсомолецтер жыйналыска белсене қатыспай, жыйналыста тек тыңдаушы ролінде отыра береді.

Комсомол ұйымының жұмысындағы мұндай өрескел кемшіліктер қалалық комсомол комитетіне (секретарьлары Шәкіров, Щепина жолдастар) мәлім. Бірақ, қалалық комсомол комитеті бұл кемшіліктерді жою жөнінде фабрика комсомол ұйымына практикалық көмек көрсете алмай отыр.

Қазір фабрика коллективінің алдында жауапты міндеттер тұр. Ол—еңбекшілерді, әсресе, тың және тыңайған жерлерді патриоттарды жақсы тігілген киім-кешек-патриоттарды жақсы тігілген киім-кешекпен қамтамасыз ету күресіне зор үлес қосуға тиіс. Сондықтан да комсомол ұйымы орын алған кемшіліктерді дереу жойып, фабрика бастауыш партия ұйымының

СОВЕТ АУДАНЫНДА

Саяси баяндамашылар

Аудандық комсомол комитетінің жанында 9 адамнан құралған саяси баяндамашылар тобы жұмыс істейді. Оны ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретары Мұқашев жолдас басқарады. Топтың құрамында аудандық комсомол комитетінің секретары Зайковская, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Хоркина, Смирнов орта мектебінің мұғалімі Васильева және басқа комсомол активтері бар.

Бұл күндері саяси баяндамашылар тобы ауданның қолхоз, совхоздарында және МТС-терінде болып, СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде, ауыл шаруашылығы, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар оқуда.

Үлгілі сауыншы

Зоя Токарева бірқатар уақыттардан бері Қыялы совхозының № 1 бөлімшесінде сауыншы болып істейді. Оның қарамағында 14 сауын сиыр бар. Сиырлардың қоңы өте жақсы, олардың сүттілігі күн санап арта түсуде. Сол сияқты, олардан алынған төлдер де аман сақталуда.

Сауыншы Зоя Токарева биыл әрбір сауын сиырдан 2200 литрден сүт алуға міндеттенген болатын. Ол көзірдің өзінде әрбір сиырдан 2 мың литрден сүт алып, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып бекітілді.

Жаңа құрылыстар

Ленин атындағы колхоздың № 2 бригадасында колхозшылар үшін стандартты тұрғын үйлер салынды. Колхоздың орталық усадьбасында алты бөлмелі үй салынып жатыр. Мұнда май заводы, диірмен орналасатын болады.

Жоғары көрсеткіш

Комсомолец Дубовик жолдас шөп шабу науқаны басталғаннан бері «Еркіндік» колхозында 1690 гектар жердің шөбін шапты. Мұнымен бірге 100 килограмнан астам жағар, жанар майларын үнемдеді. Дубовик жолдас шөп шабуды әлі тоқтатқан жоқ. Ол өздігінен жүретін шөп машинасымен күн сайын 30 гектардың орнына 35-40 гектар алаңның шөбін шауып жүр.

Комбайншы

Комбайншы Хасен Арапқанов жолдас Совет МТС-нің қамтуындағы «Игілік» колхозында егін орып жүр. Ол «С-6» комбайнымен тәулігіне 20 сағаттан жұмыс істеп, 10 күннің

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесі

Батыс Европаның алты мемлекетінен (Франция, Батыс Германия, Италия, Бельгия, Голландия, Люксембург) «европалық қорғаныс бірлестігі» дейтін «бірлестік» түрінде туйықталған соғыс тобын құруды көздейтін Париж договорын Францияның ұлттық жыйналысы 30 августа басым көпшілік даусыпен қабылдамай тастады. Жұртқа мәлім, жоғарыда көрсетілген «бірлестік» бетке ұсталып, герман милитаризмін қайта тудыруға бағытталған жоспарлар жасырылып отыр, мұның өзі Европаның халықтары үшін тікелей хауіп болып табылады.

Мемлекеттердің жоғарыда көрсетілген соғыс тобын құру жоспарларының күйреуі Европаның саяси өміріндегі маңызды оқиғаға болып табылады. Бұл факт Батыс Германияны өзінің тағдыры неміс кекшілдерінің қолында болатындай милитаристік мемлекетке айналдырумен байланысты туатын хауіпті Франциядағылардың қаншалықты түсініп отырғанын дәлелдейді. Бұл факт сонымен қатар, Францияның лотриоттық күштерінің қандай дәрежеде болып шыққанын көрсетеді, олар «европалық қорғаныс бірлестігін» құрудан Франдуз мемлекетінің хауіпсіздігіне төнетін патты көрді, оның тәуелсіздігіне төнетін қатерді әділдікпен көрді. Осыған байланыс ты мынаған назар аудару жеткілікті: Париж договоры қабылданған күнде, Франция өзінің ұлттық армиясынсыз қалып, ол ұлы держава ретінде бұдан туатын зардаптардың бәріне ұшыраған болар еді.

Мемлекеттердің жоғарыда көрсетілген соғыс тобының негізгі міндеті «европалық армия» дейтінді құру болды, ал оның басты соққы беруші күші ремилитарландырылған Батыс Германияның бұрынғы титлершіл генералдар басқарған қарулы европалық халықтар үшін және еңалдымен күштері болған болар еді. Мұндай жағдай Германиямен көршілес елдер үшін елеулі хауіп болар еді, ал бұл мемлекеттер жөнінде герман милитаристері шабуыл жасауға сылтау іздестіруден ешуақытта да тоқталған емес. Милитаристік Германияның еңалдымен Франция үшін тікелей хауіп болып табылатынын, оның буған дейін талай рет герман агрессиясының бірінші құрбандарының бірі болғанын тарихтың тәжрибесі көрсетіп отыр.

«Европалық қорғаныс бірлестігін» жақтаушылар, халықтарды, соның ішінде Францияның халқын да алдауға тырысып, сәтсіздікке ұшыраған Париж договоры, егер ол қабылданған күнде, Батыс Германияның қарулы күштерін қайдағы бір белгілі шеңберде ұстап тұруға мүмкіндік берген болар еді-мыс деп, істің жайын бұрмалап көрсетті және әлі де бұрмалап көрсетуде. Бірақ мұндай сылтаулардың жалған екендігі байымды ойлайтын әрбір адамға айқын. Ал буған осындай сылтаулар айтушылардың сенуі де екі талай.

Қайткен күнде де бұл жайында өз пікірлерін неғұрлым ашық айтып отырған бонн кекшілдері өздерінің бұл сылтауларға

көп апаттарға ұшыратқанын көру үшін Европаның тарихын, ең болмағанда соңғы жарты ғасырдағы тарихын мысалға алудың өзі жеткілікті. Тарихтың осы ауыр сабақтарын есте ұстай отырып, европалық мемлекеттердің халықтары, соның ішінде француз халқы «европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларын өз хауіпсіздігіне төнген тікелей қатер, көптеген апатты зардаптары болатын жаңа соғыс қатері деп қарсы алды. Тілті жақында ғана дүниежүзілік екінші соғысты басынан кешірген европа халықтарының бұл қорқынышы әбден түсінікті. Өйткені жаңа соғыс материалдық зардаптар мен адамның өлімі жағынан бұрынғы соғыстардан әлде қайда зор құрбандықтарға ұшыратқан болар еді. Мұны әсресе атом, сутегі қаруының және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлерінің жарыққа шығуына байланысты екенін ерекше атап айту керек. Әсресе Европаның халқы неғұрлым жиі орналасқан аудандарындағы халықтардың неліктен хауіптенетіні түсінікті, өйткені Европада, бір шама шағын территорияда мемлекеттердің өмірлік орталықтары, соның ішінде өздерінің материалдық және рухани мәдениетінің ғасырлардан келе жатқан ескерткіштері бар ең ірі қалалар орналасқан.

Герман милитаризмін қайта тудыру саясатын жақтаушылар Батыс Германияны ремилитарландыру және оны батыс державаларының үлкенді-кішілі соғыс блогіне қатыстыру Совет Одағымен герман мәселесі жөніндегі келіссөздерде батыс державаларының позициясын нығайтқан болар еді-мыс деп, істің жайын бұрмалап көрсетуге тырысуда. Бірақ мұндай сылтауларда ешқандай негіз жоқ. Шындығында істің жайы мұның керісінше болып отыр. Батыс Германияны ремилитарландыру және оны үлкенді-кішілі соғыс тобына қатыстыру Германияны біріктіруге қиын кедергілер тудырады, демек, герман мәселесі жөнінде тиісті келісімге жетуге мүмкіндік бермейді. Мұның мәнісі—біртұтас герман ұлты белгісіз ұзақ мерзімге дейін екіге бөлінген болар еді деген сөз, ал мұның өзі герман халқының мүдделеріне және ұлттық бірлікке ұмтылған заңды талаптарына қайшы келетіні былай тұрсын, европада бейбітшілікті қолдау ісін хауінті жағдайға ұшыратады.

«Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың күйреуі Европада, сондай-ақ дүние жүзінің басқа аудандарында мемлекеттердің агрессияшыл соғыс топтарын құруға бағытталған саясатқа берілген елеулі соққы болып табылады, бұл күмәнсіз, ал осындай саясаттың дем берушілері АҚШ-тың билеуші топтары болып табылады. Бірақ французздардың ерлік ісі нәтижесінде мұндай саясаттың авторлары мен жақтаушыларының осы жеңілісінен кейін бейбітшілік жауларының тіміскіленген әрекеттері жөнінде халықтардың қырағылығын бәсеңдетуі болады деп ойлау қателік болар еді.

Жұртқа мәлім, қазірдің өзінде-ақ германы мәлімдеу орынды болады: герман милитаризмін қалпына келтіру жоспарлары қандай пердемен буркемеленсе де бұл жоспарларды жүзеге асыру зардабы Батыс Германияны жаңа соғыс ошағына сөзсіз айналдырады және Германияның қазіргі болшектелуін онан әрі тереңдете түседі.

Ал оның бержағында Европаның хауіпсіздік мүдделері сондай-ақ герман халқының мүдделері герман мәселесін, мұның өзі державалардың тиісті келісімдерінде көзделгеніндей, біртұтас, бейбітшіл және демократиялық герман мемлекетін құру негізінде шешуді талап етеді. Герман проблемасы жөнінде келісімге жету мүмкіндіктері қазірдің өзінде толық пайдаланылды деп айтуға болмайды. Дәл осы жағдайды ескере отырып, Совет Үкметі Франция, Англия және АҚШ үкметтеріне осы жылғы август-сентябрьде төрт державаның жаңа кеңесін шақыруды, бұл кеңесте герман мәселесін қарауды ұсынды, бірақ үш державаның үкметтерінен буған осы уақытқа дейін әлі жауап қайтарылған жоқ.

Франция ұлттық жыйналысының «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастауы Европада мемлекеттердің бір біріне қарама қарсы қойылған соғыс топтарын құру саясатының халықтар мүдделеріне қаншалықты жат екендігін тағы да көрсетті. Шетелдік өрескел қысым жағдайында жоғарыда көрсетілген договды қабылдамай тастаған француз парламентінің қарары Францияның шын мәнісіндегі хауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ұлттық тәуелсіздігін сақтау талаптарынан туған терең мағналы патриоттық іс болып табылады. Францияның бұл ұлттық мүдделері жалпыевропалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерімен ұйлеседі және ұйлеспей қоймайды. Міне, сондықтан да француз парламентінің жоғарыда көрсетілген қарарын халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін сөз жүзінде емес, қайта іс жүзінде жақтап отырғандардың бәрі қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Жалпыевропалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері Европада туйықталған соғыс топтарын топтастыру орнына, барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың қатысуымен коллективтік хауіпсіздік сістемасының құрылуын талап етеді. «Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договордың» Совет Одағы ұсынған жобасы және тиісті ұсыныстарды қарау үшін жалпыевропалық кеңес шақыру дәл осы максаттарға сай келеді.

Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру және осы максатпен договорға Шығыс және Батыс Германияны, ал біріккеннен кейін—біртұтас Германияны қатыстыра отырып, жалпыевропалық договор жасасу Германияны бейбітшіл және демократиялық шарттар мен ұлттық жағынан қайта қосу негізінде герман мәселесін шешу мүмкіндігін жеңілдеткен бо-

арттыру жолында мейлінше қанағаттанғысыз жұмыс істеуінен болып отыр. Керек десе, бұл цехта социалистік жарыс ұйымдастырылмаған да. Бірақ, комсомол басшылығымен коллектив алдында тұрған айбынды міндеттерді орындап шығуды қамтамасыз етуі қажет.

З. ҚАСКЕЕВ.

Құрмет грамоталарын алды

Облыстық комсомол комитеті егін жыйнауда және астық тасуда үздік еңбек етжені үшін бір топ жас механизаторлар мен автомобиль жүргізушілерді ҚЛКЖО обкомінің құрмет грамоталарымен наградтады.

Олардың ішінде Петропавл МТС-ніц комбайншысы комсомолец Андрей Шмунк бар. Ол «Сталинец-1» комбайнымен маусым басталғаннан бері 400 гектарға жуық егін орып, 170 килограмм жанар, жағар майларын үнемдеді. Сол сыяқты, осы МТС-тің дала кемелерін жүргізуші комсомол мүшелері Владимир Пащенко мен Тіленбай Байбосынов тың да көрсеткіштері жоғары.

Астық тасуда москвалық жас шоферлар үлгілі еңбек етуде. Комсомолецтер Геннадий Малых, Ломонос Ошенек, Юрий Михайлов тағы басқалары өз автомашиналарын өнімді пайдалана білді. Олар Приишім және Явленка совхоздарынан Петропавл элеваторына астық тасуда август айында белгіленген тапсырманы 110-115 процент орындады. Озат шоферлар да құрмет грамоталарын алды.

Б. САУЫТОВ.

Поселкелік Советтің председатели

Зоя Александровна Забудская жолдас партияның шақыруына бірінші болып үн қосып, тың жерлерді игеру үшін облысымызға келді. Ол фабрика- завод мектебін бітірген, партия мүшесі. Алғашқы кезде Зоя Александровна Хрущев атындағы совхозда диспетчер болып істеп, өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті.. Совхоз коллективі Зоя Александровна Забудская жолдасқа үлкен сенім білдіріп, оны осындағы поселкелік Советтің председатели етіп сайлады.

Мал санағына үлгілі әзірленейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты орасан зор міндеттердің қатарында қоғамдық өнімді мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің де нақты шараларын белгілеп берді. Соның бірі —мал шаруашылығы жылын бұрынғыдай бірінші январьда емес, бірінші октябрьде қорытындылау және жаңадан жоспарлау.

Бұл жаңа тәртіп мал шаруашылығын жүргізуде бұрыннан кездесіп келген кемшіліктерді жоюға көмектеседі. Бұрын малшаруашылық жылын бірінші январьда қорытындылайтын кезде колхоздар мал өсіру жоспарын орындау үшін есепке қосуға тырысып, етке тапсырылуға бөлек телінген, өнім бермейтін көптеген малды қыс ортасына дейін өздерінде бағуға мәжбүр болатын. Ал, бұдан көп шаруашылықтар, бір жағы етке тапсырылатын малдың күзгі қондылығын сақтай алмай, әрі жем-шөп пен еңбекқұнді артық жұмсап, едәуір зиян шегетін. Малшаруашылық жылын бірінші октябрьде қорытындылау белгіленгеннен кейін осы шығынның бәрінде дұрыс салынып, колхоздардың етке малды семірген кезінде тапсыруы арқылы көп мал үнемдеуіне мүмкіндік туды.

Малшаруашылық жылын қорытындылауда —мал санағын жаппай жүргізу аса маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. Үкметтің қаулысы бойынша, бұл жұмысты 10 күн ішінде —октябрьдің бірінен онына дейінгі мерзімде жүзеге асыру белгіленген. Алыс мал отары учаскелері мен шалғай аудандарда ғана мал санағын алу сентябрьдің 15-нен 30-на дейінгі аралықта—мерзімінен бұрын жүргізіледі. Алдағы уақытта өтетін мал санағын алу жұмысы елімізде мал өсіру жоспарының қалай орындалып жатқанын тексеруге және сол арқылы мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге байланысты шаралар белгілеуге қажетті нақты мәліметтер береді.

Үстіміздегі жылы мал санағын алу жұмысы жылдағыдан да нақты жүргізілмек. Мұның программасында малдың барлық түрін жасына, еркек, ұрғашысына қарай бөліп есептеу жағы ескерілген. Бұлайша есептеу малды өз төлі есебінен онан әрі өсіруді жоспарлау және малдың өнімділігін айқындау үшін қажетті мәлімет алуға мүмкіндік береді. Мал санағы жүргізілген кезде, малдың жалпы саны айқындалумен бірге мал шаруашылығындағы есепқыйсаптың жайы, малды азықтандыру және бағып-күту жағдайлары, мал қыстатуға әзірліктің барысы да тексеріледі. Мал санағын алуға қатысатын есепшілер, селолық және ауылдық Советтердің, колхоздардың өкілдері, МТС-тердің мамандары, орталық статистика басқармасының аудандық инспекторларына, аудандық Совет атқару комитеттері бөлетін көмекшілер және басқа активтер өздеріне жүктелетін осы міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруы қажет. Олар барлық мал отары участоктерінде, жайылымдарда және колхоз орталығындағы фермаларда болып, малдың бағып-күтімін, мал шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктердің орын алу себебін және мал өсіруде табысқа жету жолдарын айқындау арқылы жергілікті Совет, ауылшаруашылық органдарына кемшіліктерді түзету, озат тәжрибені тарату жөнінде елеулі көмек көрсетулері керек.

Колхоз басқармалары, совхоздардың директорлары және басқа мемлекеттік, кооперативтік шаруашылықтардың басшылары бухгалтерлік есептің мәліметтері негізінде барлық малды қолма-қол санап шығу жолымен қоғамдық малдың 1954 жылғы бірінші октябріне дейінгі есебін жасауды қамтамасыз етуге міндетті. Колхоздар мен совхоздарда барлық малды қайта санап шығу мал санағын алушы есепшінің міндетті түрде қатысуы арқылы жүргізіледі. Совхоздарда барлық малды қайта санап шығуға есепшілердің міндетті түрде қатысуы —быйылғы жылы мал санағын алудағы жаңалық. Ал, бұрын есепшілер малды тек бухгалтерлік есептің күдікті жері болған жағдайда ғана қайта санайтын.

Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа мал иемденуші жеке үй шаруашылықтарының малын санаққа алу жұмысын арнаулы есепшілер үйлерді аралау, мал иесінен сұрау, малды көзбен көру және арнаулы бригадамен бірге шаруашылықтардың 10 процентін екінші рет бақылап аралау жолымен жүргізеді.

Мал санағын жүргізудің табысты болуы бұл жұмысқа мұқият әзірлікпен кірісуге және бөрінен бұрын мал санағын жүргізуші есепші кадрлардың құрамына байланысты. Мал санағын жүргізуші есепшілік-қызметке негізінен мекемелердің, ұйымдар мен колхоздардың есепші қызметкерлері, селолық Советтердің секретарьлары, ауылшаруашылық мамандары тартылуға тиіс. Есепші кадрларды аудандық және қалалық Совет атқару комитеттері жекежеке бекітеді. Аудандық Совет атқару комитеттері есепшілер мен және бақылау бригадасының бригадирлерімен бірге, мал санағын алу кезінде ССРО Орталық статистика басқармасының аудандық инспекторларының қарамағына, олардың есепшілер жұмысын тексеруге пайдалануы үшін 5—6 адам бөлуге міндетті.

Өткен жылы мал санағын алу кезінде есепші кадрларды іріктеу және бекітуде елеулі кемшіліктерге жол берілді. Кейбір мекемелер мен ұйымдардың басшылары есепшілік қызметке тиісті адамдар бөлмеді. Тіпті есепшілікке бекітілген адамдарды өз қызметіне қайта шақыртып алу фактілері де кездесті. Үстіміздегі жылы мұндай кемшіліктерге жол берілмеуге тиіс. Кәзір басты міндет — мал санағын жүргізуге қажетті кадрларды тез арада іріктеп алып, оларға тиісті нұсқау беруде болып отыр. Мұнымен бірге, барлық аудандар мен қалаларда тұрған халықтың арасында мал санағын алудың маңызын және бұған байланысты міндеттерді түсіндіретін көпшілік-түсінік жұмысын кеңінен өрістету қажет.

Республиканың ауыл шаруашылығы, совхоздар, азық- түлік товарлары өнеркәсібі, ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрліктері және басқа министрліктер мен ведомстволар өздеріне қарасты малы бар мекемелерге, ұйымдар мен шаруашылықтарға малды қолма- қол қайта санап шығу арқылы 1954 жылдың бірінші октябріне қолда бар барлық малдың бухгалтерлік мәліметін тексеріп шығу ісін ұйымдастыруды, сөйтіп есепшілерге мал санағы жөніндегі мәліметті уақытылы тапсыруды міндеттеуге тиіс. ССРО Орталық статистика басқармасының аудандық және участоктік инспекторлары МТС-тердің мамандарымен, колхоз председательдерімен және совхоз директорларымен бірге шаруашылықтардың малы орналастырылған жер ді алдын ала біліп, мал санағын жүргізудің маршруты мен графигін жасауға міндетті. Мал санағын жүргізудің былтырғы тәжрибесі сентябрь—октябрь айларында мал мемлекеттік дайындау пункттеріне және жазғы жайылымнан күзгі-қысқы жайылымдарға жеткізілетін жолда, сол сыяқты, бір шаруашылықтан екінші шаруашылыққа ауыстырылу үстінде болатының көрсетті. Осы себеппен өткен жылы республика совхоздарында бірнеше мың қойдың есепке алынбауына жол берілді. Үстіміздегі жылы жаңа астық совхоздарының ұйымдастырылуына және кейбір совхоздардың мал өсіретін бағыттағы совхоздарға айналатынына байланысты малды бір совхоздан екінші совхозға ауыстыру, басқа республикалардан мал әкелу жұмысы кеңінен өрістетілгелі отыр. Совхоздықтан мал санағын жүргізуші қызметкерлер, шаруашылықтардың басшылары, сондай- ақ министрліктер мен ведомстволар бір жерден екінші жерге ауыстырылатын малды есепке алмай қою, немесе екі қайтара есептеу жағына бұйыл нұқұрлым сақ болуға тиіс.

Партия, совет органдары ССРО Орталық статистика басқармасының жергілікті инспекторларына көмектесіп, мал санағын жүргізуге байланысты барлық дайындық жұмыстарды және мал санағын алудың барысын тікелей бақылап отыруға, бұл істе кездескен кемшіліктерді дереу жоюды, сөйтіп республикада мал санағын алу жұмысының ойдағыдай өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Т. УВАШЕВ,
Қазақ ССР Статистика басқармасының бастығы.
(«Социалистік Қазақстан» газетінен).

олар ресми түрде айтылып жүрген санынан анағұрлым асып түсетін дивизиялары болатын батысерманиялық армия құру жоспарларын кәзірдің өзінде ашықтан-ашық талқылауда. Ал Батыс Германияға өз армиясының саны мен қару-жарағы жөнінде шек қоятын қандай да болса формальды шарттарға келетін болсақ, мұны тәжрибе көрсетіп отырғанындай, герман милитаристері өздері қатысушы болып табылатын келісімдер өздерінің агрессиялық жоспарларын жүзеге асыруға бөгет болған күнде, мұндай келісімдердің қандайын болса да елемей жыртып тастайды.

Герман милитаризмін қайта тудыру және римилитарландырылған Батыс Германияны соғыс тобына қатыстыру Европада жаңа соғыс хаупін, сөйтіп дүниежүзілік жаңа соғыс хаупін өлшеусіз арттырған болар еді. Милитаристік Германияны соңғы жарты ғасырдың ішінде екі рет соғыс бастап, Европаның халықтарын сансыз ман милитаризмін қайта тудырудың жаңа жоспарлары ашықтан-ашық талқылануда. Батыс державаларының ресми топтары Батыс Германияны батыс елдерінің соғыс блогіне қатыстыру туралы жаңа жоспар жасау үшін келіссөздер жүргізу жөнінде мүмкіндігінше тезінен келісуге тырысып, жанталаса әрекет жасауда, «европалық қорғаныс бірлестігінің» орнына, бұл жолы Англияның қатысуымен, Батыс державаларының Батыс Германияны ремилитарландыруға мүмкіндік беретін қайдағы бір жаңа комбинациясын топтастыруға тырысып, батыс державаларының билеуші топтары сонымен бірге герман мәселесіне және Европада коллективтік хауіпсіздік сістемасын құру туралы мәселеге қатысы бар осы жылғы 24 июльдегі және 4 августағы Совет ұсыныстарына әдейі үндемей отыр.

Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіру жоспарларында Батыс Германияны солтүстік -атлантикалық блокке тікелей қатыстыру, сөйтіп, оны ремилитарландыруға жол ашу жоспарына ерекше орын берілін отыр.

Мұндай жоспарларды ұсынушылар бұл жоспарлардың «күш жұмсау тұрғысынан» жүргізілетін, әлде қашан беделін жойған саясатты жақтаушылар Франциядан ұшыраған кедергілерден сақтап өту үшін керек болып отырғанын жасырмайды. Басқаша айтқанда, бұл жолы әңгіме «европалық қорғаныс бірлестігі» түріндегі агрессияшыл бір соғыс тобының орнына ремилитарландырылған Батыс Германияның қатысуымен осындай басқа топ топтастыру, сөйтіп, өздері бетке ұстағысы келетін жаңа пердемен французбарды алдау жайында болып отыр.

Осыған байланысты кәзірдің өзінде мылар еді. Мұның өз барлық европалық мемлекеттердің, соның ішінде Францияның да хауіпсіздік мүдделеріне сай келген болар еді, ал Францияның ұлы держава ретіндегі тағдырын бүкіл Европаның тағдырынан бөле қарауға болмайды. Біртұтас және бейбітшіл Германия құрылып, Европаның бейбітшілікпен өркендеуі ғана басқа ұлы державалардың арасында Францияны ұлы держава ретіндегі өзіне лайықты орнын қамтамасыз етеді. Мұның керісінше өз ішінде бір-біріне қарама- қарсы қойылған соғыс блоктері бар және өзінің нақ ортасында милитаристік Батыс Германия өмір сүретін Европа Францияны екінші дәрежелі державаның роліне түсірген болар еді. Совет Одағы күшті және тәуелсіз Францияны жақтан келді және жақтан отыр, өйткені тек осындай Франция ғана Европа мен бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті қолдаудың маңызды факторы болып табылады.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне маңызды үлес қосқан Женева кеңесінің тәжрибесі, мүдделі мемлекеттердің шынниетті тілегі болған күнде, реттелмеген проблемалар жөнінде бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін келісімге жету мүмкіндіктері бар екендігін тағы да көрсетті.

Ал Совет Одағына келетін болсақ, ол шешілмеген халықаралық проблемалар жөнінде, соның ішінде Германия туралы, Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасы туралы, атом және су тегі қаруына тыйым салу және мемлекеттердің қару жарақтарын азайту туралы мәселе жөнінде келісімдерге жету үшін, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін бұдан былай да мүмкін болған шараның бәрін істейді.

Украина мен Қазақстан механизаторларының ынтымағы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанда туысқан Украинаның үлкен бір топ механизаторлары егін жыйнауда жұмыс істеуде. Олар егін орағының алғашқы күндерінен бастап жоғары өнімді жұмыс істеуге жетуде және техниканы нұқұрлым тиімді пайдаланудың тәжрибесін жергілікті комбайншылармен бөлісіп келеді.

Предгорный ауданының «Власть Советов» колхозының далаларында Предгорный МТС-ніц «Сталинец-6» комбайнының комбайншысы Егоровпен қатар Одесса облысының Разделянск МТС-ніц комбайншысы Коргаченко жұмыс істейді. Коргаченко өзінің қамтуындағы колхоздарда маусымдық норманы орындаған болатын. Кәзір ол күн сайын кемінде бір жарым нормалық тапсырма орындап, әр гектардан жүз пұттан астық бастырып жүр. Украин механизаторы мұнда 480 гектар егін жыйнап, 8 мың центнер астық бастыруға міндеттеме алды. Коргаченко және Егоров жолдастар жұмыста бір-біріне көмектесіп отырады және егін жыйнауда өзара тәжрибе ауыстырады. Бұл оларға агрегаттарды шаппан жүргізуге мүмкіндік береді.

Винница облысының Соволев МТС-ніц комбайншысы Заворацкийге бұдан бұрын ешкашанда Верхуба ауданының Калинин атындағы колхозданбұдай биік егінді жыйнауға тура келген жоқ еді. Жергілікті Сенисов МТС-ніц механизаторлары оған «Сталинец-6» комбайнын жаңырылып қалған биік егінді жыйнау үшін масақ көтергіштермен және басқа тетіктермен жабдықтауға көмектесті. Осының арқасында Заворацкий күн сайын 20 гектар дәнді дақыл жыйнап, 320-380 центнерден астық бастырады.

Комбайншылар Винник, Пастушенко, Вакалюк және Украина МТС-терінен келген басқа механизаторлар да норманы едәуір асыра орындайды.

Жоспардан тыс өндірілген халық тұтынатын товарлар

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкенттің мақта мата комбинатының коллективі августың өндірістік программасын орындауды ойдағыдай аяқтады. Тапсырмаға қосымша 106 мың метр мата тоқылды. Шымкенттің май комбинатының қызметкерлері тамаша табыстарға жетті. Комбинат жылдың басынан бері тұтынушыларға жоспардан тыс 10 миллион сомнан астам соманың өнімін жөнелтті.

Шұлық фабрикасының коллективі жабдықтардың жұмыс өнімділігін арттырып, сегіз айдың жоспарынан тыс 300 мың пар шұлық бұйымдарын шығарды.

Кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыра берейік!

☆ ☆ ☆ ☆

ШАҒЫН ДВИГАТЕЛЬДЕР ЗАВОДЫНДА

Шағын двигательдер заводының жұмысшылары мен инженер -техник қызметкерлері еңбек өнімділігін арттыра беру үшін күресуде. Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарту күресінде механикалық цехтың коллективі жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Бұл цехтың барлық жұмысшылары өндіріс озаттары болып есептелінеді. Цехтың әрбір адамы еңбек өнімділігін 150 процеттен 200 процентке дейін көтерді.

Темір бұрғылаушы Б. Фахруддинова еңбек өнімділігін 200 процент, слесарь Н. Семлянов 250 процентке жеткізді.

Цехтың жаңалық тапқыштары өнім сапасын бұрынғыдан да жақсартып, еңбек өнімділігін арттыра беру үшін өндіріс процестерін бұрынғыдан да жетілдіре түсуде.

Күю цехының жаңалық тапқышы Г. Смирнов жолдас двигатель блогын жетілдіріп, осыдан 30 мың сом мемлекет қаражатын үнемдеуге жетісті. Смирнов жолдастың жаңалық тапқыштығы еске алынып, оған заводтың дирекциясы сыйлыққа 1 мың сом ақша берді. Сол сияқты, жаңалық тапқыштар А. Горбунов, А. Костюк, Е. Винокуров жолдастар да өнім сапасын жақсартуға пайда келтіретін көптеген жаңалық ұсыныстар енгізді.

Шағын двигательдер заводы бойынша, 7 айдың ішінде өнім сапасын және өндіріс процесін жақсартуға бағытталған 223 жаңалық тапқыш ұсыныс енгізілді. Бұлардың ішінен 88 жаңалық тапқыш ұсыныс өндіріске енгізіліп, көптеген шикізаттар мен мемлекет қаражаты үнемделіп отыр. Кәзіргі уақытта жұмысшылар мен инженер- техник қызметкерлерден түскен 30-дан астам жаңалық тапқыш ұсыныстар зерттелуде жатыр.

Заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері екінші жартыжылдың өндірістік программасын мерзімінен бұрын орындап, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарта беру үшін жаңалық тапқыш ұсыныстарды өндіріске көп енгізіп, еңбек өнімділігін жоғары сатыға көтере беру үшін қажырлылықпен күресе беретін болады.

К. ЕЛУБАЕВ.



Петропавл паровоз депосының коллективі еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарта беру жолындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай орындау үшін күресуде. Мұнда жарыстың барысы тексеріліп, қорытындылары шығарылып тұрады. Жарыста алған міндеттемелерді орындауда депоның көтеру цехының поршень жөндейтін слесары **А. Еремин** жолдас өзінің сменалық нормасын үнемі 170—200 процеттен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: социалистік жарыстың озаты **А. Еремин** жолдас жұмыс үстінде.

Суретт түсірген **А. Розенштейн.**

Бір цехтың озаттары

Шойын-күю таразы заводының коллективі егінді уақытында жыйнап, мемлекетке астық тапсыруды мерзімінен бұрын орындау үшін күресте облысымыздың колхоздарына көмектесуде. Осы заводтың күю цехынан егін оры мен мемлекетке астық тапсыруда көмекті күшейту үшін Совет ауданының «Новый быт» ауылшаруашылық артеліне бес жұмысшы, Приешім ауданының Каганович атындағы ауылшаруашылық артеліне он жұмысшы жіберілді. 15 маман жұмысшының колхоздарға көмек көрсетуге уақытша кетуіне қарамастан, күю цехының адамдары цех бойынша берілетін өнімнің мөлшерін арттыра түсті.

Жарыста алған міндеттемелерін асыра орындаған кішігі. Бес жыл бойы станок мен-

ІЗДЕНУ ЖОЛЫНДА

Үлкен цехтың іші гүрілдеген станокпен зуылдай ұшқан темір жаңқасының ызыңымен жаңғырығады. Бірқалыппен айналған станоктар үздіксіз жұмыс істеуде. Ұзын залдың ішінде қаз-қатар тұрған шағын станоктардың бірінде жұмыс істеп тұрған аласа бойлы, ашаңдау, бұжыр адам сыртынан қарағанда көзге қораш көрінгенмен, іске қабілетті екендігін бірден танытқандай. Оның еңбекке деген ынтасы да орынды, әрі тез қыймылы да басқалардан ерекше. Бұл—тоқтаусыз зырқыл қаққан күрделі механизмді фрезер станогінде жол кухнясына бөлшек заттарын жасап тұрған адам цехтың таңдаулы жұмысшысы Александр Иванович Кузнецов болатын. Оның станогінен рессордың ұштастырғыш ілгешектері мен штамптың ұсақ бөлшектері әрбір бес минут сайын дайын болып шығып жатыр. Станок маңы дайындалған осы сияқты бөлшектерге толы.

Жаңа ғана жасалып біткен бөлшектерді цех бастығы ат жақты, ұзын бойлы жас жігіт Королев тексеруден өткізіп, оларды жол кухнясын құрастырушыларға қарай көшелтуде. Жол кухнясын дайындауға барлық цех түгелдей қатысады. Ал, Кузнецов оған қажетті бөлшектердің ең нәзігілерін жасайды. Бұл іс оған үлкен сеніммен тапсырылған. Өз ісінің шебері Александр Ивановичтің дайындаған бөлшектері үнемі сапалы болғандықтан, олар тексерусіз қабылданады. Бұл цех коллективінің оның шеберлігін бағалағандығы және зор сенім артқаны еді.

Ол 1948 жылдан бері шойын күю-таразы заводының механикалық цехында істейді. Алғаш ол фрезеровщик Александр Терентьевич Дурновтың шәкірті болып істеді. Жас шәкірт оқытушысының шеберлігін үйренуге, оның ақылдарын тыңдауға алғашқы күннен бастап-ақ бар зейінін салды. Бес жыл бойы станок мен-болды. Сондай-ақ рессордың біріктіргіш ілгек бауын істеуге 30 минуттың орнына ол небары 12 минут жұмсауға дағдыланды.

Сейтіп, үйрену үстінде мамандығын арттыра түскен жас фрезеровщик Александр Иванович 5-ші разрядты жұмысшы қатарына қосылды. Кәзір ол механикалық цехтың алдыңғы қатарлы озаты.

* * *

Қаланың күн шығыс жақтағы жұмысшы поселкасы орналасқан көшенің бірінде сәндеп салған екі бөлмелі ағаш үй тұр. Бұл Кузнецовтың үйі. Үй ішінің тазалығы ұқыпты семьяның бейнесін танытқандай. Төргі үйдің қақ ортасында жазу столы. Оның бетінде техникалық кітаптар мен Ленин, Сталин томдары жатыр. Бұғышта «рекорд» радиоқабылдағыш сөйлеп тұр. Оның қасында үлкен киім ілетін шкаф тағы басқа үй мебельдері бар. Үй іші гүлмен безендірілген.

Үй иесі толық денелі, жайдары жүзді сары әйел аяғын жедел басып, асыға қыймылдап әлде нене дайындық жасап жатқанға ұқсайды. Бұл дайындықтың мәнін қысқа түсіндірген Александр Иванович.

—Біздің Володя быйыл мектепке алғаш рет барған еді. Ертең ол 7 жасқа толады. Сол күнді атап өтуге үй ішіміз дайындық жасап жатыр еді,-деді.

Александр Иванович әке-шешесінен жастай жетім қалды. Үй ішіндегі бас көтерері өзі болғандықтан, ол көп оқый алмады. Оның алдында інісі мен қарындастарын өсіріп, тәрбиелеу борышы тұрды. Ақыры ол бұл мақсаттарын жүзеге толық асырды. Кәзір оның інісі Владимир Иванович қаладағы кірпіш заводының шофері, ал, қарындастары Мария Ивановна медсестра, кіші қарындасы Надежда ка-

оған винт өтетін тесіктер жасау үшін станокты пайдалануға болады. Ол үшін станоктың алдыңғы бөліміне арнаулы жоңғыш қапау орнату керек те, станок столына айналмалы пластинка қою қажет. Сонда пластинка айналады да кухняға керекті қақпақты станокпен кесуге болады.

Екінші, жол кухнясының негізгі бөлшегі рывокты жасау үшін станокты оған лайықтап пайдалану мүмкіндігі бар. Мәселен, рывокты берік ұстайтын құрал жасап, оны станокке орнатқан тескіш арқылы істеуге болады. Бұл қолмен істейтін жұмысты механика күшімен істеуге жетістіреді»....

Бұл жазылған жазу текке қалып қойған жоқ. Ертеңіне Александр Иванович жаңадан ойлап тапқан ұсыныстарын көпшілік ортасына талқыға салды. Жұмысқа пайдалы жаңа ұсынысты қабылдаған цех мүшелері оны өндірісте қолдана да бастады. Кәзір бұл өзінің жақсы нәтижесін беріп келеді. Бұрынғы қолмен атқарылатын жұмыстар станок арқылы істелетін дәрежеге жеткендіктен жұмыс өнімділігі 10 есе артып , өнімнің өзіндік құны да әжептәуір төмендеді. Механикалық цех бір айдың ішінде 76 жол кухнясына бөлшек заттарын даярлап, өндірістік жоспарды 120 процент орындады. Ал, Александр Иванович Кузнецов жолдас екі станокта бірдей жұмыс істеп, айлық жоспарын 180-190 процентке жеткізді. Ол тек өзінің алда үздік келе жатқанын мақтанын етпейді. Сол сияқты, бүкіл цехтың жұмыс істеуін, жақсы нәтижеге ие болуына да көмектесіп отырады. Цех бастығы Королев жолдас өзінің бір сөзінде:

—Александр Иванович еңбекте ешқашан да жалығуды білмейді. Ол смена ауысарда бәрінен ерте келеді де өзінің және

Редакцияға хат

Колхозшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуге көңіл бөлмейді

«Аралағаш» ауылшаруашылық артелі (Совет ауданы) ұйымдық -шаруашылық жағынан нығайып келе жатқан колхоз. Сол сияқты, колхозшылардың материалдық әл-ауқат дәрежесі де күн санап көтерілім келеді. Бірақ, селолық Совет және колхоз басшыларының шаруашылық жұмыстармен ғана шұғылданып, колхозшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу жұмысына мүлде көңіл бөлмейді. Бұған осы ауылшаруашылық артеліндегі мәдени-ағарту мекемелерінің тұрғылықты үйлерінің іске түгелдей жарамсыздығы толық мысал бола алады.

Колхоз басшылары колхозшылар үшін клуб үйін саламыз деп артель мүшелерін жыл сайын сендіріп келеді. Рас, бұдан 4 жыл бұрын клуб үйін салу жұмысы қолға алынған да болатын. Бірақ, колхоз басшыларының кейіннен бұл жұмысқа мән бермеуі салдарынан, клубтың құрылыс жұмыстары осы уақытқа дейін аяқталған жоқ. Кәзір бұл үйдің тек іргесі ғана қаланған. Ол бірде мал қорасына айналдырылса, бірде оған астық үйіледі.

Бұл колхозда бұрын жақсы жабдықталған кітапхана үйі бар еді, кәзір оны колхоз председатели мен бухгалтері пәтер үй етіп алған. Олар кітапхана үшін жаңадан үй саламыз деген сылтауды бетке ұстап, осы уақытқа дейін ол үйді босатуды ойларына да алмайды. Ал, кітапхана жұмыс істеуге ешқандай мүмкіншілігі жоқ кішкене ғана бөлмеге орналастырылған.

Колхоз басқармасы үшін кеңсе үйін салу жұмысының қолға алынғанына да біраз уақыт өтті. Бірақ, жоғарыдағы себептермен бұл үйдің құрылыс жұмыстарының да қашан аяқталары белгісіз.

Бұл колхозда колхозшылардың тұрмыстық қажетін өтеу жұмыстары да ойдағыдай емес. Мәселен, осы уақытқа дейін колхозшылар үшін мәнша үйі салынған жоқ. Ал, селодағы дәрігерлік пункттің тұрақты үйі болмағандықтан, пункт дәрігері еңбекшілерге медициналық көмекті әр колхозшының үйіне барып көрсетуге мәжбүр болып отыр.

«Аралағаш» колхозының басшылары мен селолық Советтің председатели Посвященный артель мүшелерінің мәдени және тұрмыстық қажеттерін өтеуге қашан көңіл аударар екен?

Ғ. БАҚБЕРГЕНОВ.

Шоферларға жағдай жасалмай отыр

Торанғұл МТС-нің қамтуындағы колхоздардың астығын тасымалдауға көмектесу үшін туысқан Украинадан, Ленинградтан және Свердлов қалаларынан өз автомашиналарымен 100-ге тарта шоферлар келген болатын.

Олар алғашқы күннен бастап қажырлы еңбек етіп жүр. Алайда, МТС дирекциясы (директоры Петров жолдас), Покровка селолық тұтынушылар одағы (председатели Келдіқұлов жолдас) келген шоферлардың жақсы жұмыс істеуіне қажетті тұрмыстық жағдайлар жасауды мүлдем ұмытып отыр.

—Келген бетте, он күндей, көпшілігіміз автомашина кабиналарында түнеп жүрдік. Кәзірде де бірсыпырамызда пәтер үй жоқ,—дейді свердловтық шофер Владимир Корнельцев.

Автомобиль жүргізушілерді қоғамдық тамақтандыру ісі де нашар ұйымдастырылған. Тамақты не асхана, не магазин сатпайды. Нан пісіретін пешті әкелінгеніне 20 күн болды, бірақ әлі күнге дейін олар құрастырылып, жұмысқа қосылған жоқ. Ал, Петров пен Келдіқұлов жолдастар еңалдымен саманнан жақсы үй салып, нан пісіретін пешті соның ішіне орнатамыз ба, деген ойда жүрген көрінеді. Бұл саман үйдің негізі де қаланған жоқ. Ал, жылжымалы пешке мұнда үйдің қажеті жоқ тек бір шатыр болса болғаны.

Торанғұл МТС-і мен Покровка селолық тұтынушылар одағының басшылары бос сөзден нақтылы іске көшіп, шоферлардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай тұғызып, олардың барлық қажеттерін өтеп отыруға тиіс.

Х. РАХМЕТОВ.

Радиоторабының жұмысына мән бермейді

Преснов ауданындағы, Молотов атындағы колхоз облысымыздағы дәулетті миллионер колхоздардың бірінен саналады. Мұнда колхозшыларды жан-жақты мәдениетті қамтудың барлық мүмкіншіліктері жеткілікті. Өткен жылдарда колхозға радиоторабы алынды. Бірақ, радиоторабы өте тар және азғана жауын жауса онда жұмыс мүлдем тоқтайтын үйге орналастырылды. Бұл жағдай Преснов аудандық байланыс мекемесінің бастығы Сотниченко жолдаска бірнеше рет хабарланды.

Сотниченко жолдас— облыстық байланыс басқармасы Александровский мен оның орынбасары Тахман жолдаска бірнеше рет хат жазып, Молотов атындағы колхоздан жаңа үй сатып алып, радиоторабын орналастыруға қаржы сұрап отырмын,—деген болымсыз сылтауын бетке ұстайды да, сонымен қанағаттанады. Ал, мұндай жазылған хаттар көп болғанымен Молотов атындағы колхозда күні бүгінге кейін радиоторабының дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырылмай-ақ келеді.

С. ТӨЛЕГЕНОВ.

Преснов аудандық мәдениет бөлімінің инспекторы.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

орындап, өнім сапасын үнемі жақсартып келе жатқан озаттардың қатарында үлгі жасаушы Нина Ромачева жолдас бар. Ол сменасына плитканың 12 үлгісін жасаудың орнына, 26 үлгі жасап, өзіне берілген өндірістік тапсырманы 200 процеттен асыра орындап келеді.

Үлгі жасаушы Е. Савран жолдас норма бойынша 32 плитканың үлгісін жасаудың орнына, 100 ден артық плиткалардың үлгісін жасап, еңбек қарқынын үш есеге жуық арттыра түсті. Сол сияқты осы цехтың үлгі жасаушысы Дарья Ананьева жолдас та сменалық тапсырманы 160 процентке дейін орындап, өнімнің сапасын бұрынғыдан да жақсарта түсті.

А. СТЕЛЬМАХ.

Шойын-құю таразы заводының құю цехының бастығы.

герген Дурнов өз шәкіртінің еңбек сүйгіш қабілетті екенін бірден аңғарып, оны тәрбиелеуге өз білімін аяған жоқ. Алғаш көмекшілікте жүрген Кузнецовқа ол алты айдан соң өздігінен орындауға жұмыс тапсырды. Оның дайындаған бөлшек заттарын тексеруден өткізіп, кемшіліктерін көрсетумен бірге ақаусыз және тез жасап шығарудың әдістерін түсіндіріп, үнемі көмектесіп отырды.

Жыл өтпестен жас жұмысшы Дурновтың бақылауымен станокты жете меңгеруге жетісті. Үйренген үстіне үйрене түскен ол еңбекте іс үлгісін көрсете бастады. Рессордың сырғасы тәрізді бөлшектерді дайындауға өндірістік ереже бойынша 15 минут уақыт керек болса, ол оны 5-7 минуттың ішінде дайындап шығаратын

лып істейді. Еңбекпен өсіп жетілген, білім алып, мамандық меңгерген бақытты семья мәдениетті өмір сүруде.

* * *

Электр жарығына бөленген үлкен залдың іші халыққа сыймайды. Бәрінің де алдында жазу столы бар. Оның үсті кітап, қағазға толы. Ойлы көздерін кітапқа қадап, бейне бір жан рақатын тапқандай бәрі де қызыға үңілуде. Бұл Ленин көшесінің бойына орналасқан қалалық кітапхана үйі. Осы топтың ішінде қолындағы кітабының бетіне үңіліп қайта-қайта қарап терең ойлаған Александр Иванович кенет іздеген ойын тапқандай жайдарлана қалды да, алдында ашық жатқан блокнотқа мына сөздерді жаза бастады.

...«Жол кухнясының қақпағын кесіп,

ренне станоктерді жұмысқа толық даярлап қояды. Өз жолдастарының сұраған сұрақтарына үнемі жауап беріп, жұмысына ақыл айтып көмектесіп отырады, дейді.

Бұл күні Александр Иванович үйге кеш қайтты. Ильич шамдарының нұры төгілген көшемен жүріп келе жатқан оның жүрегі зор мақтаныш сезімнің құшағында еді, ол мақтаныш сезімі—цех коллективінің өндірістік тапсырманы асыра орындауынан туған сезім болатын. Ал, озат жұмысшының мұндай сезімнің құшағында үнемі болатындығына оның және цех коллективінің табысты еңбектері кепіл.

А. ҚАЗИЕВ.

ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Газетіміздің осы жылғы 28 майдағы номерінде «Өнім шығаруға жергілікті материалдар толық пайдаланылсын» деген тақырыппен мақала жарияланған болатын.

Бұл мақалада Конюхов ауданындағы «Керамик» (председателі Киселев жолдас) кәсіпшілік артелі өндірістік жоспардың жалпы сом бойынша орындалғанына мәз болып, өнім шығаруды ассортимент бойынша орындауға жете көңіл бөлмей келген. Сол сияқты, аяқкиім және киім тігу цехтарының жұмысы сапасыз, жергілікті материалдарды пайдаланып ағаш бұйымдарын жасау, кірпіш өндіру жұмыстарының жолға қойылмай отырылғандығы сыналған болатын.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізгенде көрсетілген фактілер толығынан анықталды. Тексеріс қорытындысы аудандық Совет атқомінің мәжілісінде қаралып, «Керамик» артелінің председателі Киселев жолдастың жұмысқа жауапсыз қарағандығы ескертілді. Сонымен бірге, тез арада ағаш өңдейтін цех және алты колхозда аяқкиім мастерскойын ашуды міндеттеді.

П. ФИЛИППЕНКО,

Конюхов аудандық Совет атқомінің председателі.

Жаңа совхоздарда

2. МОСКВОРЕЦКІ СОВХОЗЫНДА

★

Жәнібек МҰЗАПАРОВ.

★

Октябрь ауданы алып құрылыс жүріп жатқан үлкен алаңға ұқсайды. Ауыл-деревняға келіп кіреңіз де, немесе ауыл-деревнядан шығып, дөңесті деңгейлеп тартатын ұзын қара жолдармен келе жатсаңызда машиналар тізбегіне жиі ұшырайсыз. Аудан еңбекшілері кең-байтақ совет елінің барлық облыс, өлкелерімен күн сайын хабарласып, тілдесіп жатқандай, болашағы өте қуанышты орасан зор бір істі аяқтасуға Одақ адамдарын көмекке шақырғандай; аброй-атаққа, даңқ-құрметке, қуаныш-бақытқа ортақтас болуға ақ жарқын көңіл, достық ниет білдіргендей.

Сабырлы әрі сыпайы ленинградтықтар ды да, еңбек сүйгіш, әзілқой, бірақ көздері шалған кемшіліктерге ыза-кегін айтпай кетпейтін Украинаның ұлдарын да, Воронеждің кеуде сүйектері төстиген ұзын бойлы, жуан, салалы саусақты жігіттерін де, өзіміздің қоныстас көршіміз Свердлов облысынан келген сибирьліктерді де Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздарынан кездестіресіз. Жүздеген машиналар темір жол бойындағы элеваторға астық апара жатса, отыз, қырық, елу машиналар құрамалы үйлер мен товар, азық түліктерді совхоздар мен колхоздарға әкеле жатыр. Таңертең, түсте, кешке, түнде ерсіл-қарсылы өтіп жатқан машиналар тізбегі. Таусылар да емес, тоқталар да емес. Үздіксіз өмір, үздіксіз машиналар тізбегі еміріміздің қуанышты бір көрінісіндей. Машиналар сондай көп, тіпті еліміздің бір үлкен автомобиль заводы өзінің шығарып жатқан машиналарының бір бөлегін күн сайын осы ауданға жөнелтіп жатқан шығар деген ой басыңа еріксіз келеді. Біз жазық далаға шықтық. Мұнда көк жапрақ жамылған тоғай, екі-үш километрге созылып, төңкерілген астаудай жоталанған дөңестер үстіне төрт бұрышталып үйілген маялар әзір көрінбейді. Тек көсіліп жатқан жазық дала—жаңа совхоздар, жаңа адамдар мекені. Бір совхоздың жыртылған жері екінші совхоздың жыртылған жеріне іргелес келген, бірмен бірі жалғасып, тұтасып жатыр. Адамдар күшімен, трактор соқаларымен қопарылған мыңдаған гектар алқаптар. Бес-алты километр жүріп өткен сайын кездесетін кішкене көлдер жылы-шырай көрініп, кісіге жақын тартып барады. Көше тәртібіне келтірілген салынған шатыр төбелі үйлер, қаз-қатар тартылған ақ шатырлар, тасылып әкелінген тас пен кірпіш, текшеленіп үйілген есік, терезелер, сатылар сүйеп, тұрған үйлер қабырғаларына кірпіш қалаған құрылысшылардың даусы мен күлкісі, еңбегі мен қыймылы осы кішкене көл мен шексіз созылып жатқан жазық далаға ерекше көрік берігендей. Бұрын халқымыздың көшпелі кезінде осы жалтыр, айналасы балапан құрақпен дөңгелеген кішкене көлге елес-аласта, тасыр-тұсыр кешіп қонып жүргенде ешкім көз салып, назар аудармаған шығар және мемлекет тарапынан миллиондаған сом қаражат шығарылып елді пункт болады деген ой ешкімнің қапелімде кіріп шықпағаның кесіп айтсақ қате де болмас.

Совхоз бір пәтерлі 6 үй, төрт пәтерлі 7 үй, сегіз пәтерлі 1 үй әкеліп жеткізген. Жеті үй құрастырылып, оған совхоз адамдары, дирекция, амбулатория, емхана орналасқан. Шоферлар мен кептелген құрылысшылар палаткада тұрады. Көл жағасына жақын. Асхана, дүкен, радиостанция да сол жерде.

Қыртысы алынған жерге төрт тіреу қағып, жұқа тақтайларды біріне бірін шеңемен ұстастырып, төрт қабырға жасаған. Төбесін шатырлап, жұқа тақтаймен жауып, оны сыртынан қаңылтырмен көмкерлеп шегелеген. Осының ішіне әр жерге стол, орындық қойылған. Бұл асхана. Бірақ барлық адамдар асханадан тамақтанғайды. Мәселен, үстіне кигені майка, бұлшық еттері түйілген темірдей, өңі күнге күйіп тотыққан, ат жақты, қоңқақ мұрын жас сары жігіт Валентин Смирновты төрт пәтерлі тұрғын үйдің алдында кездестірдік. Ярославльден келген. Оның үйлену тойы жақында ғана болған екен. Валентиннің қалыңдығы, орта бойлы, тұлғасы сымбатты жас сұлу Надежда Семенова екі қолын айқастыра ұстаған жарына жымыйып, жарастықты қуанышпен қарайды. Үстіне кигені ақ ала шыт көйлек. Қызыл шырай өң жүгірген беттері мен жалпақ мандайы, езу тартып күлгенде көрінетін ашық тістері сүйкімді қыздың келбетті кескінін бейнелейді. Төңірегін тақырлап, кірпіштен бөгіктетіп іс-теген плитаның үстіне таба қойып, құймақ құйып тұр. Валентин мен Надя саманнан кірпіш құйып, нормаларын асырып орындайды . Әрқайсысы ай сайын мың сомнан асырып еңбек ақы алады.

—Тамақтануымызға бес жүз сом жететін. Азық-түлікті осы жерден сатып аламыз, бірақ талшы. Оған жұмысшыларды жабдықтау кооперациясы кінәлі. Совхоз пәтер берді, тек тарырақ. Оған қынжылып, Надя екеуміз, жалпы совхоз коллективі байбалам сала бергісі келмейді. Бізді партия жаңа жерді игеруге жібергенде даярға барып, қыйыншылық көрмейсіңдер деген жоқ. Қыйыншылықтар болады, оны жеңіп барып ғана жаңа жерді игересіңдер деген. Дегенмен сауда орындары мен құрылыс мекемелерінің аяқтарын еріншек алып басатынын тиісті партия орнына хабарлаған дұрыс болар еді. Бұл—тілегіміз,—деп төңірекке көз жіберіп біраз ойланып тұрды да;

—Біз бұл даланы мәңгілік мекенімізге айналдырамыз. Быйыл жер жыртып, жаңа үйлер тұрғызып жатырмыз. Әзірге мекеніміз онша көзтартарлықтай емес шығар. Ал, келер жылы бұл өңірдің егіні теңізше толқыйтын болады. Гектарынан жыйырма-жыйырма бес центнерден өнім алғымыз келеді,—деді Валентин сенімді дауыспен.

Немесе Григорий Васильевич Сухомлиновты алайық. Ол—радист. Совхоздың радиостанциясы конфет жәшіктері мен ұсақ тақтайлардан жасалған кішкене күркете орналасқан. Радист осында ұйықтайды, осында тамақтанады, осында отырып хабар алады.

—Өмір қуанышы еңбекте екені белгілі ғой,-дейді Сухомлинов биіктеліп қаланған қабырғаның үстінде отырып. Арнаулы уақытқа дейін радиодан хабар аламын да, одан кейін күн сайын радиостанцияның үйін саламын. Күніне екіжүз-үшжүз кірпіш қалаймын. Егер мен әрі радист, әрі құрылысшы болып жұмыс істей бастаған алғашқы күндерде кездесіп менен екі мінәлет қыйын ба? деп сұрай қалсаңыздар, қыйын деп жауап берген болар едім. Ал, көзір қыйын емес. Неге? Неге дегенде қыйыншылықты жеңудің қуаныш екенін мен енді бұрынғыдан гөрі толығырақ түсінгендеймін,—дейді Сухомлинов қуанып.

Совхоз жұмысында кемшіліктердің бар екенін біз де көрдік, оны совхоз адамдары да жасырмайды.

Үй шаруасындағы әйел, Зайнап Еслеева шешей:

—Алматыдан келіп едік. Күйеуім десятник. Өз жасым еңбектенуден шығыңқырап кетті, алпыс бестемін,-дей келіп, құрылыс пен жұмысшыларды жабдықтау кооперациясының жұмысындағы кемшіліктерді тізбектеп:

—Мұның себебі сын және өзарасын жоқ, бақылау жеткіліксіз,-деп қорытынды жасап сөйледі. Мектеп үйі бар, бірақ, шам жоқ. Алик деген ұлым быйыл төртінші класқа баруға тиісті еді, соған жаңа шалбар сатып әперейін десем дүкенімізде шалбар болмай отырғаны. Елімізде көйлек пен қысқы пальто тігетін мыңдаған мастерскойлар мен фабрикалар бар екендігіне мен күдіктенбеймін, көйлек пен қысқы пальтолар келіп, облыс қоймаларында үйілін те жатқан шығар. Бірақ, біздің совхоз бен аудандағы кооператорларымыз соларды бізге жеткізуді ұйымдастыра білмей отыр ғой.

Келесі күні таңертең совхоз басшылары совхоз директоры Мартынов жолдас тұратын бөлмеге жыйналды. Совхоз директорының орынбасары Богородецкий отызға жаңа ғана келген кісі екен. Ол шынқықты бүкпей, кемшіліктен жүрегі дүпілдемей сөйледі.

—Біз стандартты 15 үй әкеліп алдық. бірақ, 7 үй әлі құрастырылмай жатыр. Өзінің күшімен, совхоздың көмегімен жеке меншікті үй салушылар-ұшеу-ақ. Құрылыс жұмысын бөлеп отырған нәрсе-құрылыс материалы, әсресе, кірпіштің тым жеткіліксіздігі,-деді ол.

—Кірпішті асхана қасығымен тасығандай тасыйды. Үй төбесіне жабатын шифер, қаңылтыр да жеткіліксіз. Құм жоқ. Жетпіс тонна цемент алып едік, қажетімізге жұғын да болмады,-деді құрылыс участогінің басшысы Мурашко.—Облыстық партия комитеті «Совхозтранс» мекемесін Москворецкі совхозына 15 автомашина бекітіп қоюға міндеттендіргені еді. Июльде үш машина жүк тасуда болса, августа 310 километр қаладан кірпіш тасуда жүрген машина көзір екеу-ақ. Тіпті сол екі машинаның өзін не жанар, не жағар майларымен қамтамасыз етпейді. Мұны «Совхозтранстың» автобазасының директоры Мочалкин жақсы біледі. Жоқ, мұндай қарқынмен, мұндай тәртіпмен совхозды құрылыс материалымен қамтамасыз етуге болмайды...

Мынадай бір оқиғаға болды. Бірде Марьевкада бесжүз автомашина босқа тұрды. Совхоз аудандық партия комитетінің бюросында осыншама машиналардан 20-30 машина босатып, құрылыс материалдарын жеткізіп алуға көмектесуді өтінді. Бюро мүшелері не олай, не бұлай деп жауап бермегені ғой.

—Қыйыншылық құрылыс материалдарының жеткіліксіздігінде ғана болып отырған жоқ,-деді совхоз партия ұйымының секретары Архип Кузьмич Неудахин, —ұйымдастыруда, әсресе, құрылысшыларды ұйымдастыра білмеуімізде де болып отыр. Совхозда 250 комсомолец бар. Біздің солармен жұмыс істеуіміз жеткіліксіз.

—Екіншіден, Совхоздар министрлігі құрылысты көпеуілдетіп алды. Мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігі құрылысты ерте бастан қолға алып еді. МТС-тер тұрғын үйлерді ерте, көктемде алды. Ал, Совхоздар министрлігі құрылыс материалы мен тұрғын үйлерді тым кеш жіберді және жіберілген кейбір құрамалы үйлерді құрастыруға мүмкіншілік жоқ. Шеге, бояу, шыны, шифер жеткіліксіз екендігін айтпағанның өзінде, үйлердің бірі болса, бірі болмайды.

—Ол қалай?

—Ол былай,—деді фуражкасын қолына алып сөйлеп отырған Богородецкий,-Москворецкі совхозы екі үйдің каркасын алса, Тимирязев—шатырын, Докучаев есігі мен терезелерін, Хрущев атындағы совхоз-утоплителін алды. Екі қабаттан S тұрғын үй 16 совхозға таратылған. Екі қабат тұрғын бір үйді құрастырып, пайдалануға беру үшін жаңа совхоздарды шырық айналып, мың километр сапар шегу керек.

—Біздің совхозымыз—жаңа ұйым, тың жерлерді игеру жаңа іс,-деді шаштары ашық, дене тұлғасы зор, елуден асқан кісі. Бұл совхоз директоры Мартынов жолдас. Краснодар өлкесіндегі елу мың гектар жері бар «Тракторист» совхозында директор болып істеген адам. Агроном. Мінезі сабырлы, ойланып, байымдап сөйлейтін кісі екен.

—Сондықтан, деді ол оған әрі жартылай жазылған дәпторіне қарай отырып,—совхоз жұмысындағы кемшіліктер оның өсу, көтерілу жолындағы кемшіліктер. Совхоз коллективі 16 мың гектардан астам тың көтерді. Тракторшы Подставка Москвада, көрмеде, 650 килограмм жанармай үнемдеп, 20 августқа дейін 640 гектар тың жыртқан тракторшы Алексеенко Ауылшаруашылық көрмесіне бүгін жүреді. Біздің совхозға Үкмет төрт тонналық жүк көтеретін он машина, екі тонналық онбес машина жөнелтіпті. Олар екі-үш күнде совхозда болады. Жер жыртуды аяқтаймыз да барлық механизаторларды құрылысқа жұмылдырамыз, сөйтіп, совхоз адамдарын тұрғын үйлермен қамтамасыз етеміз,-деді ол.

Совхоз директорының бұл сөзін біз адамдарымыздың өркімен орындалатын іске сенім білдіргендік деп ұқтық.

(Жалғасы бар).

(Басы «Ленин туының» 10 сентябрьдегі номерінде).

ФЕЛЬЕТОН

ЖЕЛГЕ ТИМЕЙТІН КЕРБЕЗ ЖЕҢГЕЙЛЕР

—Өзің ар-намыс, ұят дегеннен жұрдай болыпсың ғой. Тегі сенің ойыңша осы ақызғақ желде мен анау сасық қорада үстімді сауыс-сауыс қылып, сыйыр саумақпын ғой. Жоқ, оның бола қоярма екен.

—Япырмау, енді бір күнше ептемен кете қоймас, бара қойсан.

—Шық дегенсің, шық үйден. Мен ферма меңгерушісінің әйелі бола тұрып, сауыншы болмақпын. Ұят қайда? Елжұрт не дейді?

Бұл Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың ферма меңгерушісі Рамаш Еламановпен оның әйелі Күләндәнің арасында болған егес әңгіме еді. Бұл әңгіменің тууына себеп болған жағдай—сауыншы Қадырованың бүгін сырқаттанып, жұмысқа шықпай қалғаны болатын.

—Менің қый қораның ішінде сазды белшемнен басып жүргенім саған да оңай болмас, онан да сен Қадырованың сыйырларын басқа сауыншыларға бөліп саудырт, —деді Күләнда еріне буйырып.

—Таптың, жаным. Маңадан бері осы ақыл неге менің есіме келмеді екен.

Енді аздан соң ферма ішінде Рамаштың әр сауыншыға бір айғайлаған даусы шығып жатты.

—Ой, шегір көз, сен Қадырованың ана екі сыйырын сау, ал, сен Бәтимә үш сыйыр сауасың.

Бұл кезде колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Жұмаш Жаманбаевқа оның әйелі Бопаш өзінің бүгінгі көрген «қорлығын» айтып жатқан.

—Өзім кешегі базарға барып келгенімді көтере алмай таңертең ауырықыран тұрсам, анау «су мұрын» бригадир Айдархан маған қырманға астық тазалауға барсаң қайтеді дейді. О заманда бу заман бұл колхоздағы басшылардың әйелі қашан жұмыс істеп еді. Әлде сен бұрынғы басшылардан кемсің бе? Мұндай ызаланбаспын, басынғанына. Осының бәрі сенің шіріктігіңнен, қорқақтығыңнан. Әйтпесе бригадир неге басынады.

Шынында да, Айдарханның бұл қылығы Жұмаштың жанына батып кетті. Көп кешікпей-ақ, ол бригадирге өз шешімін естіртті.

—Бопаштың денсаулығы кем, ал Мәнә үй жұмысына керек. Орынтайдың жасы жетіп отырған бала, оның да мазасын алмағайсың. Өзге колхозшыларды жұмысқа жұмсап атсаң да жетер, түсінікті ме!?...

Соңғы сөзді ол аса ныктап, зілдендіре айтты. Ал, оның Мәнә және Орынтай деп тұрғаны жеңгесі мен қарындасы болатын.

Колхоздың екінші бригадирі Базарбай Рамашов бұл кезде бұдан да жаман «соқпы» көріп жатқан еді.

—Сен колхоз бастауыш комсомол ұйымы секретарының әйелін жұмсауды қайдан шығардың, Мағрипа жұмысқа бара алмайды, түсінікті ме!?...

Комсорг Казыбек Төлебаев та соңғы сөзді ныктап, зілдендіре айтты.

Колхоз бухгалтері Жүкен Кедебаев өзі есеп жұмысын басқарған соң әйелі Күлпәшті жұмысқа қатыстырмаудың есебінде оңай тапты. Ол әйелін жұмсаған бригадирге жоғарыдағы басшылардай ақырып, бақырмады.

—Білесің ғой, Айдархан,—деді ол сыпайы ғана, —мен болсам күні ұзын шот қағып, есеп жасап, басым қаңғырып отырады. Үйде бірәудің болғаны дұрыс, Күлпәшті жұмсамай-ақ қоярсың!?...

Ал, колхоз председателі Зейніш Елеупаев туралы мұндай әңгімені мүлде айтуға болмайды. Өйткені, оның семьясының бірде-бір адамын ешкандай адам, бригадир де, ферма меңгерушісі де жұмсамайды. Қайдан жұмсасын, онан кіші «төрелердің» әйелін жұмсаймын деп өз басқарына пәле сатып алып жүргенде, бастыққа тиісіп, үйдей пәлеге ұрынғысын олардың есі жоқ дейсің бе.

Жуырда болып өткен колхозшылардың жалпы жиналысында партия ұйымының секретары Жаманбаев колхоздағы еңбек тәртібі туралы аз сөйлемеді.

—Біздің елде еңбек даңққа бөлейтін іс, кімде-кім еңбектен бас тартса, ол адам өмірден кейін қалған, санасындағы капитализмнің қалдықтарын әлі жоя алмаған, тоғышар, топас, надан адам. Ондайларды тәртіпке шақыру керек, егер оған көнбесе арадан аластау керек, —деген-ді ол.

Расында да, ондайларды тәртіпке шақыру керек еді. Бірақ, Жаманбаев, Елеупаевтар бөсе сөйлесе де істе үлгі көрсете алмай жүр.

Бұлар сөзден іске қашан көшер екен?

Т. ЕСІЛОВ,
Б. ЖАНОВ.

ТАҢДАУЛЫЛАР

Октябрь ауданы Степан-Разин атындағы колхозда Татьяна Рогозина, Екатерина Солдаткина жолдастар көп жылдан бері сауыншы болып істеп келеді. Биыл олардың әр қайсысына 13 сыйырдан бекітіліп берілген еді. Бұл тағайындалған 13 сыйырдан 13 бұзау алып, оны аман өсірді. Олар әр сыйырдан 1400 литр сүт саууға міндеттеніп, кәзір ол міндеттерін аброймен орындап жүр. Бірінші жартыжылдықтың өзінде ғана әрбір сыйырдан 800-900 литрден сүт сауды.

Сыйырлардан мол өнім алуға ферманың бақташысы Димитрий Рогозин жолдас та қажырлы еңбек етіп келеді. Ол бақташы болып істегелі 5 жылдан асып барады. Осы уақыт ішінде ол бір де малды шығынға ұшыраткан жоқ. Сыйырлардың күтімін жақсарта отырып, сауыншылардың мол сүт сауып алуына өз үлесін қосуда.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

АЛҒАШҚЫ АВАНС

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ВЕНГРИЯҒА ЖҮРІП КЕТУІ

Венгер Халық Республикасының ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына қатысушы Совет Одағы ауылшаруашылық қызметкерлерінің делегациясы 10 сентябрьде Москвадан Будапештке жүріп кетті. Делегация он адамнан құралған, олардың арасында Ставрополь өлкесінің «Коммунистический маяк» колхозының председателі, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты А. В. Чухно, Москва облысының «Новый путь» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері А. Я. Салихов және басқалары бар.

Делегацияны ССРО ауылшаруашылық министрінің орынбасары Г. Г. Петров бастап барады.

Венгрияға мұнымен бірге тағы да екі делегация жүріп кетті. Олардың бірі—ССРО ауылшаруашылық министрлігінің МТС-тер және ауыл шаруашылығын механикаландыру бас басқармасы бастығының орынбасары Л. А. Корбит бастаған делегация Будапеште болатын ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі халықаралық конгреске қатысады. Мал азықтандырудың бүкілодактық ғылыми-зерттеу институтының директоры профессор А. А. Зубрилин бастаған екінші делегация жемшөп өндіру және жемшөп шаруашылығын жүргізу жөніндегі съездің жұмысына қатысатын болады.

(СОТА).

ҚХР-де КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНЫҢ БЕКІТІЛУІ

ПЕКИН, 10 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агентгігі былай деп хабарлайды:

«Орталық Халық үкметінің советі 9 сентябрьдегі өзінің 34-ші мәжілісінде Қытай Халық Республикасы Конституциясының түзетілген жобасын талқылап, бекітті.

Конституцияның бұл жобасы Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналысының бірінші сессиясының қарауына беріледі. ҚХР Конституциясының жобасын жасау жөніндегі комиссия конституция жобасын талқылаудағы бүкіл елдің халықтары және халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналысы депутаттарының айтқан ұсыныстарын ескере отырып, жобаға түзетулер енгізді.

ИНДОНЕЗИЯНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ӨЗДЕРІНІҢ ССРО-да БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

ДЖАКАРТА, 10 сентябрь. (СОТА). Баспасөзде ССРО-дан қайтып келген индонезиялық әйелдер делегациясының мәлімдемесі жарияланған. Делегация өздерінің Совет Одағында болғандығын зор қанағаттанғандықпен атап өтуде. Совет халқының өмірімен танысқаннан кейін, біз Совет Одағында адамдардың бақыты үшін керекті жағдайлардың бәрі де жасалуда деген пікірге келдік, —делінген мәлімдемеде. Делегация былай деп атап өткен: «совет әйелдері елдің қоғамдық және саяси өмірінде зор рольде ие болған». Барлық халық пен ССРО үкметі бейбітшілік ісі үшін белсене атсалысады. Бейбітшілік идеясы жалпы халықтық болып табылады. «ССРО халықтары жаңа өмір орнату жолында зор табыстарға ие болған» — деп мәлімделген делегация

ХАУІПСІЗДІК СОВЕТІНДЕ

НЬЮ-ЙОРК, 10 сентябрь. (СОТА). Бүгін АҚШ өкілі Лодждың өтінуі бойынша шақырылған хауіпсіздік советінің мәжілісі болды. 8 сентябрьдегі хатында Лодж советтік танымал белгілері бар екі самолет «халықаралық сулар» үстінде американ теңіз авиациясының самолетіне шабуыл жасады-мыс деп Құрама Штаттар тақкан айыпты советтің қарауын өтінген болатын.

Совет өкілі А. Я. Вышинский былай деп мәлімдеді: Совет Одағы бұл мәселені хауіпсіздік советінің күн тәртібіне енгізуге қарсылық білдіреді, өйткені Лодждың хатында бүкіл жанжал арандату мақсатымен қасақана бұрмаланып көрсетілген.

Бұл жанжалға байланысты фактілерді еске сала келіп, Вышинский былай деп көрсетті: американ самолеті совет территориясына басып кірген; екі совет самолеті американ самолетінің шекараны бұзғанына ескерту үшін оған қарсы әуеге көтерілген; американ самолеті совет самолеттерін атқылаған, сондықтан Совет самолеттері осыдан кейін ғана буған жауап ретінде оқ атқан.

АҚШ, деп көрсетті Вышинский, 6 сентябрьде Совет Одағына жолдаған нотасында өз самолеті Совет самолеттерін атқан жоқ дегенді айтты; бірақ 7 сентябрьде «Нью-Йорк таймс» газеті американ самолетіндегі экипаж мүшелерінің Совет самолетін өздерінің атқанын мойындаған мәлімдемелерін келтірді.

Вышинскийдің атап көрсеткеніндей, АҚШ 6 сентябрьде Совет Одағына жолдаған нотасында бұл жанжал Владивостоктың шығыс жағында 100 миль жердегі пунктте және Сибирь жағалауынан 44 миль қашықта болды деп мәлімдеді. Картаға қарасақ, деді, Вышинский, бұл жанжалдың ашық теңіз үстінде емес, қайта Совет территориясы үстінде болғанын көреміз. Бұл жанжал, сондай-ақ американ самолеттерімен байланысты бұдан бұрынғы жанжалдар Құрама Штаттардың халықаралық правоны өрескел бұзғандығы болып табылады. АҚШ мемлекеттік департаментінің, деп мәлімделді Вышинский, айыпкердің айыбын ақтап, оны айыпсыз жаққа жүктеу үшін фактілерді бұрмалап отырғаны айқын. Бұл мәселені күн тәртібіне енгізу тек Қыйыр Шығыста шиеленісті күшейтуге себепші ғана болған болар еді.

Бірақ АҚШ-тың шағымы хауіпсіздік советінің күн тәртібіне енгізілді.

ССРО-ның сыртқы саудасы туралы американ журналының пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 10 сентябрь. (СОТА). Американың Бостонда басылатын айлық «Атлантик» журналы өзінің августағы нөмірінде ССРО-ның сыртқы саудасына арналған мақала жарияланған.

Бұл мақала, «батыстың шек қоятын сауда саясатына» қарамастан, басқа сөзбен айтқанда, батыс елдерінің ССРО-мен саудасын барынша қысқартуға бағытталған АҚШ-тың саясатына қарамастан, Совет Одағының сыртқы сауда байланыстарының үздіксіз өркендеп отырғаны жөнінде белгілі американ топтарының абырлып отырғанын бейнелейді.

«Батыстың байқаушылары,—деп жазған мақаланың авторы, —соңғы 12 айдың ішінде дүниежүзінің көптеген бөлектерінде советтің товарлар сатып алу және сату мөлшері мен сыйпатына қатты таңданды».

Журтқа мәлім, Совет Одағы ұзақ уақыт бойы берік кепілдікпен товарлар алысып берісуді қамтамасыз ететін негіздерде өзінің басқа елдермен саудасын арттыруға ұмтылып келеді. Журнал Совет Одағының бұл бағытта елеулі нәтижелерге жеткенін мойындаған, өйткені, мақалада айтылғанындай, ССРО мен халықтық -демократия елдері, кейбір ірі келісімдермен қатар, «20-дан асатын батыс европалық, оңтүстік- американдық және азиялық елдермен толып жатқан біржылдық, екіжылдық, үшжылдық кесімді сауда келісімдерін» жасаса бастады. Бұл келісімдер, журналдың пікірінше, жүзеге асырылған күнде, 1954 жылы шығыс пен батыс арасындағы сауданы 1953 жылмен салыстырғанда 10—25 процент арттыруға жеткізеді. «Ең айқын мысалдардың бірі ретінде, — деген бұдан кейін мақаланың авторы, — өткен жылғы августа жасалған совет-аргентина келісімін атап айтуға болады, бұл келісім, аргентина Совет Одағынан бірнеше миллиарда [illegible] табылатынын мойындаған, ал оның бержағында АҚШ батыс пен шығыс арасында бірқалыпты сауданы өркендету жолына әрдайым жасанды кедергілер қойып келеді.

«Маршалл жоспары жарияланған кезден бері,—деп жазған автор, —және біздің төлеп алатын үкметтер (журнал АҚШ-тың басқа елдермен жасасқан және АҚШ-тың осы елдердің істеріне араласуына мүмкіндік беретін кіріптарлық келісімдерін осылай деп атап отыр. —ред). коммунистік елдерге стратегиялық материалдар сатуға тыйым салынсын деген Құрама Штаттардың талаптары жарияланған кезден бері орыстар шығыс пен батыс арасында сауданы ұлғайту науқаның жүргізіп келеді».

Журнал «ССРО-ның саудадағы шабуылы» деп атап отырған совет сыртқы саудасының табыстары Совет Одағының өзара тиімділік негізде өзінің басқа елдермен экономикалық байланыстарын өркендетуге ұмтылып отырғандығының нәтижесі екенін ол жасыра алмаған «Батыс Европадағы Советтік импорт саясаты, —делінген мақалада, —еңалдымен өнеркәсіп товарларын алуда, ал мұндай товарлар болмаған күнде, тұтыну товарларымен қанағаттануда болып отыр. Бірақ, соның өзінде көптеген азиялық және оңтүстік-американдық елдер жөніндегі совет саясаты бұл елдерден ауылшаруашылық шикізаты мен тұтыну товарларын алып, оның орнына оларды ауыл өнеркәсіп өнімінен қамтамасыз етуде болып отыр».

«Атлантик» журналындағы мақаланың авторы ССРО-ның экспорт пен импортты өркендету саласындағы мүмкіндіктерін кемітін көрсетуге тырысып отырса да, дегенмен ол «фактілердің Совет Одағының экономикалық қуаты есеп өсіп, ССРО-да тұрмыс дәрежесінің артып отырғанын

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КООПЕРАТИВ АЛЬЯНСІНІҢ XIX КОНГРЕСІНІҢ ЖАБЫЛУЫ

ПАРИЖ, 10 сентябрь. (СОТА). Халықаралық кооператив Альянсінің (ХКА) XIX конгресі өзінің жұмысын аяқтады. Конгрес Альянстың орталық комитетінің есебін талқылап, ХКА жұмысының программасы туралы, нашар өркендеген елдердегі кооператив қозғалысы туралы, халықаралық кооператив саудасы туралы баяндама тыңдап, альянстың орталық комитетінің жаңа құрамын сайлады. Альянстың оңтүстік басшылығы конгресте халықаралық кооператив қозғалысының бірқатар маңызды мәселелері жөнінде өділетті қарар қабылдауына жол бермеуге барынша күш салды. Мысалы, конгрес Польшаның, Венгрияның, Албанияның және ГДР-дің кооперативтерін альянста қабылдаудан бастартты. Альянстың қатарын ұлғайтуға бұдан былай да кедергі жасауға мүмкіндік алу үшін оның басшылығы мүше-корреспондент дейтіндердің институтын құру туралы конгрестің қарауына ұсыныс енгізді. Мүше-корреспонденттікке қабылдаған кооперативтер мүшелік жарна төлеуге міндетті болады, бірақ олардың альянстың әртүрлі органдарында сөз сөйлеу және дауыс беру правосы болмайды. Бірқатар делегациялардың, атап айтқанда Совет Одағы, Чехословакия, Италия және басқа елдер делегацияларының бұл ұсыныска қарсы шыққанына қарамастан,конгрес оны қабылдады. Альянстың уставына қайшы келетін мүше -корреспондент дейтіндердің институтын енгізу, еңалдымен отар және тәуелді елдердің кооператив ұйымдарына қарсы бағытталған, өйткені бұл елдерді тең праволар негізінде халықаралық кооператив Альянсына енгізуді Альянстың басшылығы тілемей отыр.

Конгресте сөз сөйлеген көптеген делегаттар әртүрлі елдер кооперативтерінің өзара тығыз достық қатынастар орнатуды тілеп отырғанын және олардың өзін-өзі бітшілікті нығайтқысы келетінін айтты. Әсресе халықаралық кооператив саудасы туралы және ұлттық кооператив ұйымдары арасында практикалық ынтымақ жасау мүмкіндіктері туралы баяндама жөнінде қызу дискуссия болды. Конгрес әртүрлі елдердің кооперативтері арасында байланысты нығайтуға кооператив-аралық сауданы ұлғайтуға шақырған қарар қабылдады.

ШАХМАТ ОЙЫНЫНАН ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ КОМАНДАЛЫҚ БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

АМСТЕРДАМ, 10 сентябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісінен).** 9 сентябрьде жартылай финалдағы топтардың бәрінде де кезекті тур болып өтті.

ССРО командасы голландиялық шахматшылармен ойнады. Бұл кездесу көрушілер журтшылықтың назарын ерекше аударды. Бірінші тақтада бұрынғы бәсекелестер—дүниежүзінің чемпионы Ботвинник пен экс-чемпион Эйве ойнады. Голландия гроссмейстерінің Нимцовичтің қорғанысын таңдап алуы нәтижесінде бұл партияда соңғы жылдары жауапты жарыстарда жиі кездесіп жүрген вариант-

...атындағы колхоздың (Булаев ауданы) мүшелері егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп, астық тапсырудың жоспарын 70 процент орындады. Жақында колхоз басқармасы мемлекетке тапсырылған астықтың 15 проценті есебімен колхозшылардың тапқан әрбір еңбеккүніне екі килограмнан алғашқы аванс бөлді.

Жыл бойы колхоз өндірісіне үзбестен еңбек етіп, 1833 еңбеккүн тапқан колхозшы Вера Еринганың семьясы алғашқы аванста 223 пұт, колхоз шопаны В. Гаук жолдас семьясымен 203 пұт астық алды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

СЕЛОЛЫҚ ЕМХАНА

Жақында Петропавл ауданының «Красный пахарь» колхозында жаңадан емхана ашылды. Бұл аудан бойынша биылғы жылы жаңадан ашылған үшінші емхана. Бұлардан басқа ауданда 4 фельдшерлік пункт қайта құрылып, фельдшерлік-акушерлік пунктерге айналдырылды. Олардың әрқайсысында тұрақты үш койка бар.

Бұл күндері ауданның колхоз, совхоздарында үш емхана, 4 фельдшерлік- акушерлік пункт, 12 фельдшерлік пунктер жұмыс істейді.

ЦЕЙЛОН ПАРЛАМЕНТІНДЕ СЕАТО-ға ҚАРСЫ СӨЗ СӨЙЛЕУ

ЛОНДОН, 10 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, Цейлон парламентіндегі оппозицияның бастаушысы Бандаранаике Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессиялық блокты құруды сынға алған. СЕАТО пактісі, деген ол, Индияның премьер-министрі Нерудің барлық халықтар арасында бірлесе жұмыс істеу және бейбітшілікті нығайтуды талап ...тын 30 миллион долларлық өнеркәсіп тауарларынан басқа, 200 миллион долларлық тауарлар алысып- берісуді көздейді».

Журнал халықаралық экономикалық ынтымақтың мұндай ұлғаюы ССРО-ның барлық елдермен, олардың экономикалық системасына және саяси құрылысына қарамастан, бірқалыпты сауданы өркендетуге ұмтылған талабының нәтижесі болып ...дәлелдейтінін» мойындаған.

Жанталаса қарулану саясатын жақтаушы топтардың позициясына пікір айта отырып, журнал абыржығандықпен былай деп мәлімдеген: «Совет сыртқы саудасының ұлғайып отырғандығының... соны мен қатар Совет Одағының, әсресе Азия мен Оңтүстік Америкаға жүргізіп отырған саудасының, сайып келгенде, ең кем дегенде атом қаруын өндіру саласындағы бәсеке сияқты маңызы болуы ықтыймал».

ГОЛЛАНДИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ГААГА, 8 сентябрь. (СОТА). «Де Фолкск ант» газетінің 7 сентябрьде берген хабарына қарағанда, жалпы саны 6 мың адамға жететін амстердам докерларының үш мыңдайы ереуіл жасаған. Соңғы төрт жыл бойына, деп жазады газет, бұл Амстердам портында болған ең ірі ереуіл. Портта жүк тиеу мен жүк артуды күтіп 60-қа жақын кеме тұр.

БИБЛИОГРАФИЯ

„Ислам дінінің реакциялық мәні туралы“

Коммунистік партия мен Совет Үкметі халқымызға идеялық тәрбие беру, олардың саяси сана-сезімін арттыруға үнемі қамқорлық жасап отырады. Совет өкметі жылдарында елімізде экономикалық, мәдени және әлеуметтік ұлы өзгерістер жүзеге асырылды; жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның рухани бейнесі мүлдем өзгерді. Совет адамдары —өз Отанына, Коммунистік партияға шексіз берілген патриоттар. Біздің елімізде буржуазиялық идеологияның тамыр жаюына таптық негіз жоқ. Бізде социалистік идеология үстем, оның нәрленер көзі, негізі маркстік-лениндік ғылым. Бірақ, бізде қаңғыс атқан ескіліктің, буржуазиялық идеологияның сарқыншақтары әлі де бар. Қоғам өміріне белсене араласпайтын артта қалған адамдар діни әдет-ғұрыптарға, «құдайдың құдретіне» әлі де сенеді. Ескіліктің осы сияқты қалдықтары өздігінен құрымайды, олар сірі жаңды келеді. Сондықтан оларға қарсы батыл және дәйекті күрес жүргізу керек. Әсресе, діни идеологияға, жоққа сенушілікке қарсы күресті күшейту қажет.

Ә. Кәкімжановтың Қазақ мемлекеттік баспасы шығарған «Ислам дінінің реакциялық мәні туралы» атты кітабы осындай ағі тақырыпқа, діни соқыр сенімдер мен әдет-ғұрыптардың кертартпалық мәнін әшкерелеуге арналған. Кітап алғы, сөзден және төрт тараудан құралған. Олар мынадай: «Ислам дінінің шығуы туралы», «Ислам діні — ғылымның жауы», «Ислам дінінің реакциялық мәні», «Ислам діні—ескінің адам санасындағы қалдықтарының бірі». Осы айтылған тарауларда автор діннің пайда болуын, оның ғылымға, мәдениетке жасаған зиянын, діннің таптық мәнін, оның еңбекшілердің санасын улап, басын айналдыратын анығын екендігін ашып көрсетеді.

Дін деген не және ол қалай шықты?

Дін, мұның ішінде ислам діні де, бұрынғы замандағы қоғамдық сананың бір түрі. Дін — дүниеге көзқарас, бірақ, барынша жалған, теріс көзқарас. Исламның дін басшылары өз дінін уағыздау үшін және оны қаранғы бұқара арасына кең тарату үшін: ислам діні адамзатпен бірге туа біткен, «сүтпен еніп , сүйекпен кеткен» діннің нағыз өзі, ол құдайға құлшылық етудің бірден-бір ақиқат жолы, деп дәріптеді. Ислам дінінің айтуынша, алладан басқа құдай жоқ; алладан басқаға сыйынушылар —дінсіздер, молдалар айтқандай, «кәпірлер» болып саналады. Бұл сандырақтың кертартпалық, зұлымдық мәні беп-белгілі. Ол адамзатты «мұсылмандарға» және «кәпірлерге» бөліп, халықтар арасындағы алауыздықты, өшпенділікті күшейту болып табылады.

Шынында, дін адамзатпен бірге туа біткен сенім емес. Ол адамдар өсіп, дамып ойлау дәрежесіне жеткен кезде пайда болды. Алғашқы қауымдық қоғамда өндірістік қатынастардың өте мешеу кезінде табиғаттың дүлей күші алдында адам дәрменсіз болды, оны түсінбеді. Су тасқыны, орман-тоғай өрті, жер сілкіну, күн күркіреуі, дауыл сияқты табиғат құбылыстарын ұқпай, олардан зәре құты қалмай қорықты. Осының бәрін басқарып отырған бір құдіретті күш бар деп ұқты. Сондықтан олар осы табиғат құбылыстарына бейімделіп, жағыну керек, оның көңілін аулау керек деп ойлады. Сөйтіп, адамдар отқа, суға, жел-дауылға, тау-ормана қарап, оларды әлпештеп, мадақтайтын болды. Бұл түсініксіз құдіретке құлшылық етудің алғашқы түрі еді. Сонымен қатар, оларға сыйлық, тарту беретін. Бұл қайыр-садақа үлестердің, құрбан шалудың бастамасы болды. Ертедегі адамдардың табынатын құдайы да көп болды. Мәселен, ислам дінінің туып тіккен жері Аравияда, ислам діні шыққан тұрғанда, арап тайпаларының әрқайсысының әртүрлі құдайы болған. Олардың бірі айға, бірі күнге, бірі отқа, бірі аюанға табынған. Мұндағы төрт жүздей тайпаның төрт жүздей құдайы бар екен.

Адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы өзгеріп, санасы, білімі артуына байланысты діни ұғымдар да өзгеріп отырды. Көзіргі бір ғана құдайға құлшылық етуге негізделген діндер қоғамның тапқа бөлінуіне және мемлекеттің пайда болуына байланысты шықты.

Автор өз кітабында ислам дінінің шығу тарихын және бұл дінді тудырған себептерді толық баяндайды. Ислам діні 600-жылдардың бас кезінде Аравияда шықты. Ислам қанау, езу тепкісіндегі араб еңбекшілерінің наразылығын басу, үстем таптың мүддесін қорғау, сыртқы жаулардың шабуылына қарсы күресу үшін елді біріктіру, ал, кейін басқа елдерді жаулап алу жолындағы басқыншылық соғыстарды уағыздаудың идеологиялық қаруы болды.

Қазақ халқының озат ойшылдары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбрай Алтынсарин ислам дінінің зор зиянын кезінде ашып көрсетті. Суға кетіп бара жатқан адамды құтқару қаншалықты борыш болса, деп жазды Шоқан Уәлиханов, қазақ халқын ислам діні үстемдік ететін дәуірге соқтырмай өткізу де сондай зор борыш болып табылады. Ш. Уәлиханов ислам дінінің реакциялық кертартпалық негізін көрсете келіп, елді көркейту үшін молдалар мен дін идеяларын қолдауды жою керек, сөйтіп, қазақтар арасында ислам діні мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек, деп жазды.

Ә. Кәкімжанов жолдас кітаптың «Ислам діні — ғылымның жауы» деген тарауында исламның, басқа христиан, католиктік діндер сияқты, алдыңғы қатарлы озат ойдың, прогресс пен мәдениеттің, ғылымның жауы болғандығын әшкерелейді.

Ғылым мен дін бір-біріне қарама-қарсы, бірі мен бірі сыйыспайды. Ғылым білімге, адамның күнделікті іс тәжірибесіне негізделсе, дін соқыр сенімге негізделеді. Дін ғылымға, өмірге жанаспайтын, кісі ақылына сыймайтын өтірік бірдеңелерді басшылыққа алуға ұсынады. Егер күн не ай тұтылса, жер сілкінсе, «бұл аллатағаланың құдайға құлшылық етуді ұмытқан пәнделеріне жіберген ауыртпалығы», «ақыр заманның» нышаны деп, жұртты үрейлендіреді.

Ғылым өркендеген сайын мұндай табиғат құбылысының сырлары ашыла берді, діннің өтірігі әшкерелене берді. Міне, сондықтан да дін ғылымға қарсы аюандықпен күрес жүргізді, озат ғалымдарды қуғын-сүргінге ұшыратты, рақымсыздықпен өлтірді тағы басқалар.

Ғылымның дінге қарсы болатын ол дағдырға, соқыр сенімге иланушылықты жоққа шығарады. Оның орнына дүниедегі құбылыстардың өзара байланысын зерттеп, оның болашақ даму жолын күнібұрын болжап біледі. Марксизм-ленинизм классиктерінің көп жылдар бұрын болжап айтқан оқығаларының дәлме-дәл іске асуы ғылми болжаудың күшін көрсетеді.

Кітаптың «Ислам дінінің реакциялық мәні» деген тарауында діннің қалың бұқараны рухани құлдықта ұстап, адамды адамның қанауына негізделген қоғамдық құрылысты нығайта беруде үстем таптың жолындағы қару болғандығы нақты фактілермен айқын көрсетіледі.

Дін атаулының бәрі де, оның ішінде ислам діні де қанаушы таптың мүддесін қорғайды. Дін қанау тепкісінде жүрген еңбекшілерді бұл дүниеде төзімді, көмбіс болуға, «құдай басқа салған іске шүкіршілік етуге» үйретеді. Оларды «бұл дүниеде неғұрлым көп бейнет көрсең, ол дүниеде рақатқа батасың» деп жұбатады.

Ислам діні халықты қанау құралы ғана емес, ол сонымен қатар, мәдениеттің, өнеркәсіптің еңбекші бұқараның сана сезімінің өсуіне, дамуына орасан зор зиянын тигізген кертартпа, қаратүнек күш болды. Міне, сондықтан да қазақтың көрнекті агартушысы Ыбрай Алтынсарин: «Бізге молдалар оқытып жүрген арап, парсы, татар тілдерінде шыққан кітаптар бізді кері кетіреді, таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толдырады, таза тілімізді шұбарлайды деп жазған еді.

Ислам дінінің шариғаты халықты ораза ұстауға, «құдай жолына» құрбандық шалуға, зекет-құшыр, қайыр-садақа беруге міндеттейді. Бұл да үстем таптың қалтасын қалыңдата түсуге, еңбекші бұқараны надандықта ұстауға көмектесетін дін басшыларының қулық-сұмдығының бір түрі.

Дін атаулының бәрі әйелді рухани езу құралы болды. Христиандардың библиясы, еврейлердің талмуды, мұсылмандардың құраны әйелді адам қатарына қоспайды. Діни соқыр сенімдер әйелдің күндік күйін өрескел ауырлатты.

Марксизм-ленинизм классиктері халық бұқарасын діннің меңгеру түнегінен құтқарудың сара жолын көрсетті. Ол үшін діннің таптық, әлеуметтік негізін жою керек, яғни, капиталистік қоғамды құлату керек.

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының нәтижесінде біздің елімізде қанаушы тап жойылды, сөйтіп, діннің әлеуметтік тамырына балта шабылды. Бізде кәзір дінге қарсы ғылми насихат жұмысы кең көлемде жүргізіледі. Өйткені, Коммунистік партия барлық жұмысшылар мен шаруаларды мәдениетті, білімді еткісі келеді. Сондықтан да надандыққа, қаранғылыққа, діни наныңдарға қарсы батыл күрес жүргізеді. Автор өз кітабының соңғы тарауында Коммунистік партияның басшылығы арқасында бүкіл совет халқының, оның ішінде қазақ халқының қолы жеткен мәдениет табыстарына тоқталады. Діни соқыр сенімдерге қарсы күресті тынбастан жүргізе беру керек екендігін айтады.

Кәкімжанов жолдастың «Ислам дінінің реакциялық мәні туралы» деген кітабын қазақ оқушылары, сан мыңдаған ұгітшілер мен насихатшылар жылы жүзбен қарсы алды. Өйткені, бұл кітап олардың күнделікті жұмысына—ескіліктің қалдықтарына, діни соқыр сенімдерге қарсы күресіне көмек көрсетеді.

Ә. ЖҰМАБАЕВ.

тардың бірі пайда болды. Дебюттен кейін орталықта екі слоның жақсы орналасуы арқасында Ботвинниктың жағдайы жақсара түсті. Дегенмен Эйве өзінің күшін топтастыруда қыйындықты сезген жоқ. Бұл оған ойынды шиеленістіруге мүмкіндік берді. Дүниежүзілік экс-чемпион 21-ші жүрісте бір пешкасын беріп, өзінің фигураларымен жақсы позицияға ие болды. Сонымен Ботвинниковтың болмашы артықшылығы қара фигуралардың жақсы позициясымен бірдей-ақ болып қалды. 29-шы жүрістен кейін Ботвинниковтың ұсынысы бойынша бұл партия тең аяқталды.

Ойынды бұдан әрі созу екі гроссмейстер үшін де үлкен хауіп еді.

Доннер-Смыслов партиясы да Нимцович қорғанысымен ойналды. Бірақ бұл ойын бір қалыпты өтті. Смысловқа аздаған болса да жақсы жағдай туып еді, бірақ голландиялық мастердің өте ұқыпты ойнауының нәтижесінде бәсекелестер ойынды тең аяқтауға келісті.

Кортливерге қарсы ойынның басынан ақ Бронштейн аздаған болса да позициялық жақсы жағдайға ие болды. Бронштейн өзінің жағдайын шебер жақсарта отырып ойынның орта кезінде елеулі басымдылыққа ие болып, 33-ші жүрісте жеңіске жетті.

Принс пен Котовтың ойыны ескі индиялық қорғанысқа басталып, тезарада ферзаларды айырбастауға әкеліп соқты. Голландиялық мастер өте ұқыптылықпен ойнап, өзінің екі слонын жақсы орналастыруы арқасында жеңіске жетуге мүмкіншілік алды. Котовтың шебер қорғана білуіне қарамастан бұл партия Котовтың ұтылуына соғатын жағдайды кейінге қалдырылды.

Бүгін аяқталмай қалған партиялар ойналады. 11 сентябрьде жартылай финалдағы барлық топтарда да ақырғы тур ойналмақ.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«АЛДАНҒАН ҮМІТТЕР»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«СОҢҒЫ ТАБЫР»

Сеанстар 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«Ударник» кинотеатрында 1954 жылдың 14 сентябрінен бастап киносеанстар күндізгі сағат 3-те, кешкі 5-7 және 9-да басталады.

Касса күндізгі сағат 2-ден бастап жұмыс істейді.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22. ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02656.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.